

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ  
«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ**

**«ЭКОНОМИКА» КАФЕДРАСЫ**

**ЖУМУРОВА А.К.**

«Кәсіпорын экономикасы» пәні бойынша  
экономикалық мамандықтарға арналған

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

Мамандықтары: 050006-«Экономика»(бакалавриат),  
050009-«Қаржы»(бакалавриат),  
050008-« Есеп және аудит» (бакалавриат)

**Ақтау 2010**

Құрастырушы: э.ғ.к. Жумурова А.К. «Кәсіпорын экономикасы» пәні бойынша экономикалық мамандықтарға арналған әдістемелік нұсқаулық. Мамандықтары: 050006 -«Экономика» (бакалавриат), 050009 - « Қаржы» (бакалавриат), 050008- « Есеп және аудит» (бакалавриат). Ақтау 2010, 43 бет.

РЕЦЕНЗЕНТ: э.ғ.к. А.А. Конысбаева

«Кәсіпорын экономикасы» пәні бойынша экономикалық мамандықтарға арналған әдістемелік нұсқаулық оқу жұмыс бағдарламасына сай құрастырылған.

Баспаға КМТЖИУ оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен ұсынылған.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010

## КІРІСПЕ

Экономика – бұл тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіру, бөлу, сату және пайдалану жөніндегі қоғамдық ғылым, яғни адам қызметінің саласы болып, адамдардың қажеттілігін қанағаттандыруға қызмет етеді және барлық экономикалық ғылымдардың жалпы объектісі болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорын шаруашылықты жүргізудегі негізгі объективті буынға айналады. Мәселен рыноктық сұранысты еске ала отырып, кәсіпорын тек өнім өндіріп қана қоймай, сонымен қатыр халықты жұмыспен қамту, жаңадан жұмыс орындарын ашу, еңбекақыларын есептеу т.б. жұмыстарды іске асырады.

Өндірісті, кәсіпорынның барлық жұмыс қызметін сипаттау және түсіндіру – «Кәсіпорын экономикасы» пәнін зерделеу болып табылады. «Кәсіпорын экономикасы» пәні студенттер үшін негізгі курс болып табылады.

Өндірістік қызметтердің заңдылығын түсіну негізінде нақтылы өндірістік мақсаттарды іске асыруда шаруашылық әдістерін әзірлеуге мүмкіндік туады. Кәсіпорын экономикасының даму негізіне қоғамдық өндірістің дамуына объективті экономикалық заңдар жатады. Кез-келген ұйымдастырушылық деңгейде экономиканы басқару – бұл экономикалық заңдардың талабына сай өндірістің қызмет етуі.

Қазіргі кезде кәсіпорынның мәртебесі, оны құрудың тәртібі мен жойылуы, мүлікті пайдалану, шаруашылық экономикалық және әлеуметтік қызметтер, кәсіпорынның мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қатынасы негізінде ұлттық заңдармен реттеледі.

«Кәсіпорын экономикасы» бағамын зерделеуде, оның негізгі міндетін тұжырымдау қажет. Олар анықталатын екі ережемен еріксіз қабылданады және оның мәні мынада:

- кәсіпорын меншік нысанасына және салалық құрамында болуына қарамастан бірінші буыны халық шаруашылығының экономикалық негізі болып табылады, ақырғы соңында кәсіпорынның тиімді жұмыс істеу деңгейі жалпы халық шаруашылығының даму деңгейі мен халықтың әлауқатының деңгейіне байланысты болады;

- нарықтық экономикаға өту бұрыннан әрекет еткен шаруашылық тетігін жан-жақты қарастыруды, оның құрылымына жаңа нысандар енгізуді, атап айтқанда, кәсіпкерлік, бәсеке, бизнес-жоспар, еңбек мотивациясы, салық салу, т.б қажет етеді.

Осыған сәйкес пәннің негізгі мақсаты мына төмендегілерден тұрады:

- кәсіпорындарда әрекет ететін шаруашылық тетіктерінің негізі элементтерін қарау;

- алдын-ала анықтайтын нарықтық экономиканың талаптарына сай шаруашылық жүргізудің жаңа нысандарымен әдістерін кеңінен енгізу;

- меншіктің әр түрлі нысандарындағы кәсіпорын экономикасы мен ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерделеу.

## Пәннің мазмұны

### 1 тақырып. «КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ» ПӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫ

#### 1 Семинар жоспары:

Қазақстан Республикасы экономикасының қазіргі жағдайы

1. Қазақстандағы құрылымдық қайта құрудың бағыттары.

2. Өнеркәсіптің дамуы.

Агроөнеркәсіп комплексінің дамуы, проблемалары, жағдайы.

#### Қысқаша түсініктер, формулалар

Кәсіпорын белгілі бір кәсіпкерлік ортада қызмет атқарып, оның барлық іс-әрекетіне ықпал көрсетеді. Кәсіпкерлік орта қалыптасқан экономикалық және саяси-ахуалды, құқықтық, әлеуметтік-мәдени, технологиялық, географиялық ортамен, экологиялық жағдаймен, сонымен бірге институционалдық және ақпарат жүйелерін сипаттайды.

Кәсіпорын экономикасын зерделеудің негізгі объектісіне жататындар:

- кәсіпорынның өндірістік құрылымы, өнеркәсіп өндірісінің үлгісі, өндіріс кезеңін ұйымдастыру;
- өндірісті басқару процесін ұйымдастыру;
- шаруашылық стратегиясын таңдау, өнімді өндіруді жоспарлау және өнімді сатуды әзірлеу;
- өндірісті қалыптастыру, капиталды пайдалану және кәсіпорынның табысын қорландыру;
- өндірістің материалдық-техникалық базасымен қамтамасыз етілуі, шикізаттар, материалдар жеткізілуі, босалқы қордың қалыптастыру және оларды ұтымды пайдалану;
- өндірістің техникалық жағдайы және қажетті өндірістік инфрақұрылымды құру;
- өндірістік шығындарды қалыптастыру, өнімнің өзіндік құн калькуляциясы, өндірістің баға саясаты;
- өндірістің қаржы ресурстары, шаруашылық қызметінің тиімділігі, кәсіпкерліктегі тәуекелдік баға;
- кәсіпорынның жаңартпашылық қызметі, өнімнің сапасы, кәсіпорынның жаңартпашылық саясаты, экономикалық проблемалар;
- кадрларды іріктеу, оларды жұмысқа қабылдау, еңбекті ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу жүйесі және еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру.

Сонымен, кәсіпорын экономикасы – факторларының жиынтығы (меншіктік және қарызгер), өндірістік емес факторлар (бала бақшалар, профилактория және т.б) айналыс қоры, дайын өнім, кәсіпорындардың есепшоттарындағы ақша қаражаттары, құнды қағаздар, материалдық емес меншікті қор (патенттер, лицензиялар және т.б) өнімді сату нәтижесіндегі табыстар немесе зияндар және түрлі қызмет көрсетулер.

Кәсіпорын экономикасы кәсіпкерлік қызметін, процестерді зерделеу және шаруашылық шешімдерін қабылдайтын дербес экономикалық пән. Кәсіпорын экономикасын зерделеудің негізгі объектілері кәсіпорынның

өндірістік қызметі, өндірістің негізгі факторларын пайдалану және кәсіпорынның экономикалық ресурстарын қалыптастыру тетігі болып табылады. Кәсіпорын экономикасы өндірістік қызметтердің заңдылығын түсіну негізінде нақтылы өндірістік, экономикалық және әлеуметтік мақсаттарды жүзеге асыруда тиянақты шаруашылық әдістерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорын экономикасы экономикалық заңдардың әрекет ету көрінісін өндіріс процесінде және өнімді сатуда, ресурс шығындарын ең аз мөлшерде жұмсай отырып, өндірістің нәтижелілігін арттыруды қамтамасыз ететін кәсіпорынның түрлі салалары және меншік нысандары, шаруашылық тетігін көрсетеді.

Кәсіпорын экономикасы басқа да экономикалық ғылымдармен тығыз байланысты, атап айтқанда, макро-микроэкономика, менеджмент және маркетинг теориясы, статистика, бухгалтерлік есеп, т.б.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Қазақстандағы құрылымдық қайта құрудың ерекшелітері мен бағыттары.
2. Өнеркәсіптің даму тенденциялары.
3. Агроөнеркәсіптік комплекстегі құрылымдық өзгерістер.
4. Өнеркәсіпті мемлекеттік реттеудің маңызы мен қажеттілігі.
5. Өнеркәсіп кешені мен жеке кәсіпорындары қайта құру мен реформалау.

### **Тест сұрақтары**

1. Кәсіпорын жүргізетін процестер:

- А) Бақылау;
- В) Дайындау;
- С) Жобалау;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес

2. Кәсіпорындардың ішкі орта элементтері:

- А) Экологиялық жағдай;
- В) Бәсеке;
- С) Технологиялық жағдай;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

3. Өнеркәсіп кәсіпорынының негізгі функциялары.

- А) Тұтынушыға өнімді жеткізу және сату;
- В) Мамандар даярлау;
- С) Бәсекені болдырмау;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

4. Кәсіпорынның атқаратын қызметтері.

- А) Кәсіпорын жұмысшыларының еңбегін ұйымдастыру және басқару;
- В) Мамандар даярлау;
- С) Жеке кәсіпорындар құру;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

## II. КӘСІПОРЫННЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ

### 2 Семинар жоспары:

1. Кәсіпкершілік түсінігі маңызы.
2. Кәсіпкершілік қызметтің түрлері.
3. Кәсіпкершілік тәуекелдік, оның түрлері.
4. Кәсіпорынға сипаттама беру. Кәсіпорынның әр түрлі белгілері бойынша түрлері.
5. Кәсіпорынның өндірістік құрылымы.
6. Банкроттық түсінігі, белгілері.
7. Өнеркәсіптік – қаржылық топтар.

### Қысқаша түсініктер, формулалар

Нарықтық қатынастар көптеген адамдардың «өз ісіне» деген табиғи ұмтылуды тудырып, өздерінің меншіктерін арттыра түседі. Ең соңында бұл қызметтің ерекше түрі – кәсіпкерлік қайраткерліктің пайда болуына әкеп соғады.

Кәсіпкерлік дегеніміз – адамдар мен олар құрған бірлестіктердің белсенді, дербес шаруашылық қызметі. Оның көмегімен адамдар тәуекелге бел буып, мүлктік жауапкершілікті сақтай отырып, пайда табу жолын көздейді. Кәсіпкершілікті шығармашылық күш-жігерді жүзеге асыруға, экономикалық және ұйымдастыру ісіне тапқырлыққа, жаңашылдыққа байланысты. Кәсіпкерлікті жаңа тұрғыдан түсіндіргенде мынадай екі жағдай: біріншіден, коммерциялық бағыт-бағдарға, тәуекелге бел буушылық пен дербестікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, кездескен кедергілерді жеңе білуге; екіншіден, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлық пен жаңашылдық танытуға ғылыми-техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты.

Кәсіпкерлік – кәсіпорынның басшылары мен мамандарының шаруашылық қызметінің бір тұтас бөлігі. Ол экономиканың қызметінде ең белсенді нысанының бірі болып табылады. Кәсіпкерлік қызметінің көптеген түрлерінің ішінен негізінен төртке топтастыруға болады: өндірістік, коммерциялық, қаржылық, консультативтік. Өндірістік кәсіпкерлік өнімді өндіруге, жұмыс істеуге және қызмет көрсетуге, жинауға, өңдеуге және ақпарат беруге, рухани байлықты жасауға бағытталған қызмет.

Қызметтің коммерциялық түрінің мазмұны тауар-ақша қатынасы, сауда-айырбас операциясынан тұрады. Оны өндірістік кәсіпкерлік қызметтен айырмашылығы сол, мұнда өнімді шығаруға байланысты едәуір өндірістік ресурстарды қажет етпейді.

Қаржы кәсіпкерлігі коммерциялық кәсіпкерліктің бір түрі болып табылады. Солай болғандықтан оның объектісі сатып алу, сату айрықшалығы тауарға шығады: ақшалар, валюта, құнды қағаздар (акция, облигация, вексель, ваучер), яғни тікелей және жанама нысаны түрінде бір ақшаны басқа ақшаларға сату шығады. Кәсіпкерлікті қалыптастыру үшін белгілі экономикалық әлеуметтік, құқықтық жағдайлар жасалу қажет.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметтің субъектілері мыналар бола алады:

- Қазақстанның азаматтары;
- шетел мемлекетінің азаматтары;
- адамдардың бірігуі (кәсіпкерлік ұжымы).

Кәсіпкердің мәртебесі заңды және заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді. Құқығы, міндеті, жауапкершілігі және кәсіпкерлердің кепілдіктері ұлттық заңдармен реттеледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетіндер:

- кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығы, кәсіпорындар құру олар үшін қажетті мүліктер сатып алу;
- барлық субъектілердің рыноктағы материалдық, еңбек, ақпарат және табиғи ресурстарға қол жеткізудің теңдік құқығы;
- меншік түрлеріне және ұйымдастыру-құқықтық формасына қарамастан кәсіпорын қызметінің теңдік жағдайы;
- кәсіпкерлердің мүліктерінен заңсыз айыруды қорғау;
- кәсіпкерлік саласындағы бекітілген шегінді еркін таңдау;
- нарықтық монополия жағдайында кәсіпкерлер мен кейбір тауар өндірушілердің бәсекеге селқос қарауына жол бермеу.

Кәсіпкерліктің экономикалық формадағы қызметіне төтеп беру өзгешелігі, кәсіпкер барлық жұмыстарды қолға алады, ал тұтынушы оған бүгіннен бастап ақша төлеуге дайын.

Кәсіпкер тауарлар өндіреді, содан соң оларды сатады. Осыған орай, кәсіпкерлік өндірістік, коммерциялық және қаржылық болып бөлінеді. Осылардың әрбір формасы өзіндік ерекшелігі, өзгешелігі, демек өзіндік технологиясы болады.

Өндірістік кәсіпкерлікке – тұтынушылардың кейіннен сатып алуына тиісті өнім өндіру, жұмыстар жүргізу және қызмет көрсету, жинау, өңдеу және ақпарат беру, рухани құндылық жасау тағы тағыларға бағытталған қызметтер жатады.

Өндірістік кәсіпкерліктің мүдделілік өрісі едәуір түрліше және оны іске асыру қаржылық және материалдық ресурстар, ал кейде олар көп мөлшерде қажет болады. Өндірістік кәсіпкерлік қызметінің нәтижесі мол өнім өндіру және оны сату мүмкіндігі болып табылады.

Коммерциялық кәсіпкерлікке – қызмет түрін сипаттайтын, оның мазмұнының мәнін айқындайтын тауар-ақша қатынастары, тауар-айырбастау операциялары жатады. Мұның өндірістік кәсіпкерліктен айырмашылығы – мұнда өнім өндіруге – байланысты өндірістік ресурстарды қамтамасыз ету қажеттілігі тумайды. Технологияның бастапқы сатысы ретінде, не сатып алу, нені қайта сату және қай жерде екенін таңдай білу қажет. Бұл мәселелерді іске асыру, ең алдымен тауар бағасының өткізу бағасы жағдайында көтерме сатып алу бағасы елеулі жоғары болуы керек екеніне сүйену қажет.

Қаржылық кәсіпкерлік – коммерциялық кәсіпкерліктің бір түрі, солай болғандықтан оның сатып алу, сату объектісі айрықшалығы – тауар болып есептеледі: ақшалар, валюта, құнды қағаздар (акциялар, облигациялар, вексельдер, кепілдіктер және т.б.) яғни бірдей ақшаларды сату тікелей немесе жанама формада жүргізіледі. Солай болғандықтан қаржылық кәсіпкерлік – бұл

коммерцияның бір түрі, онда қаржылық кәсіпкерінің технологиялық мәмлесі коммерциялық технология мәмлесімен ұқсас болады, айырмасы тек тауар-қаржы активі болып саналады.

Кәсіпкерлік жоғарыда айтылғандай, кәсіпорынның экономикалық дамуының маңызды факторы. Сонымен бірге ұлттық экономиканы одан әрі дамытуға да аса басты ықпал етеді. Соңғысын мына жағдаймен түсіндіруге болады: кәсіпкерлік өзінің мәнін жете түсіну негізінде (әрбір азаматтың өзінің материалдық жағдайын одан әрі жақсартуға талаптануы) шағын және орта бизнесті дамыту формасы арқылы жалпы жағдайды тудырады.

Шағын кәсіпорынның ел экономикасындағы рөлі аса үлкен. Біздің республикада шағын кәсіпкерліктің үлесі қазіргі кезде 90%-ке жетеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7-мамырдағы Жарлығымен Қазақстан Республикасында «Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Оның басты мақсаты шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласының серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері оның мақсатымен айқындалған және олар мыналар:

- халықтық жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
- қоғамдық бірлестіктердің шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау мәселелеріндегі рөлін күшейту;
- шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласын басымдылықты дамыту;
- шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және дамыту арқылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тұрақты қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып тұжырымдалады.

Шағын кәсіпорындардың ең басты маңыздылығы – бұл әлеуметтік аспектілігінде. Өзінің құрылуымен шағын кәсіпорындар жұмыс орындарын көбейтуге жағдай жасайды, сөйтіп, жұмыссыздықты азайтады. Бұдан басқа халықтың жалпы білімділігінің артуы барысында азаматтар арасында жаппай өздерінің жеке қабілеттіктерін көрсетулері үдей түседі. Ең алдымен бұған қол жеткізуге өз істерін ұнататындықтары және бұған бейімділіктерінің сай болуына қарай өздерінің жеке «ісін» ашу, өзінің бизнеспен айналысуын жалғастыру болып табылады. Мұның өзі сондай-ақ, шағын кәсіпорындардың дамуына қажеттілігін тудырады.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті реттейтін негізгі заңдық актілер тізбесі:

- ҚР Азаматтық кодексі. 27.12.94ж. (жалпы бөлім). 16.12.98ж. өзгерістер енгізілген.

- «Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау туралы» ҚР Заңы. 19.06.97ж. №131-1 (26.07.99ж өзгерістер енгізілген).

- «Жеке кәсіпкерліктер туралы» ҚР Заңы. 19.06.97ж. №135-1 (29.11.99ж. өзгерістер енгізілген).

- «Жұмыстардың жеке түрлері және қызмет рыногын дамыту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы. 31.03.99ж. №343 (14.02.2000ж. енгізілген).



- Шағын кәсіпкерлікті қорғау мәселелері бойынша заңдық актілерге бірсыпыра қосымша өзгерістер енгізу туралы» ҚР Заңы. 29.11.99ж. №489-1.

- «Адамдар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметіндегі бостандық құқығын қорғау туралы» ҚР Президентінің Жарлығы. 27.04.98ж. №3928.

- ҚР кейбір заңдық актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» ҚР Заңы. 10.07.98ж. №283-1.

- «ҚР Агенттігінің шағын бизнесті қолдау мәселелері жөніндегі» ҚР Үкіметінің қаулысы. 26.04.99ж. №475. «Шағын кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі» ҚР Үкіметінің қаулысы. 08.04.97ж. №499.

- «Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы

- 7-мамырдағы Жарлығы.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Кәсіпкерлік қызметтің маңызы.
2. Кәсіпкерлік қызметтің түрлері.
3. Кәсіпкерлік және бизнес. Кәсіпкерлік тәуекелділік, түрлері, бағалау әдістері. Кәсіпорынның өндірістік құрылымы, және оны анықтайтын факторлар.
4. Банкроттық, түсінігі және белгілері.
5. Кәсіпорынды қайта құру және жою жолдары. Кәсіпорындарды біріктіру.

### **Тест сұрақтары**

1.Кәсіпорынға қажетті заттарды ата ?

- А) Ақпарат;
- В) Ғимарат;
- С) Көлік құралдары;
- Д)Барлық жауап дұрыс;
- Е)Барлық жауап дұрыс емес

2. Кәсіпорынның шығаратын заттары.

- А) Белгілі-бір номенклатурадағы дайын өнім;
- В) Қорғасын;
- С) Мырыш;
- Д)Барлық жауап дұрыс;
- Е)Барлық жауап дұрыс емес

3. Кәсіпорынның құрылымы.

- А) Көмекші өндіріс;
- В) Энергия;
- С) Экономика;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес

4. Кәсіпорын жүргізетін процестер:

- А) Түптеу, орау, басқару;
- В) Қызмет ету, сақтау, тасымалдау;
- С) Жөндеу;

- D) Барлық жауап дұрыс;  
E) Барлық жауап дұрыс емес

### III. Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық формалары

Қазақстанда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кәсіпорындардың мынадай ұйымдық-құқықтық формалары бар:

- мемлекеттік кәсіпорын;
- серіктестік: толық серіктестік, аралас серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- акционерлік қоғам.

Жеке кәсіпорын. Оны ұйымдастырушы да, иелік етуші де бір адам. Қалғандары жалдамалы қызметкерлер. Толық серіктестік – жеке адам және заңды тұлғалардың бірігуі, олардың мүшелері серіктестік міндеттемелері бойынша қозғалмайтын мүліктерге жауапты. Егер толық серіктестікке оны ұйымдастырушылардың бірі жеке адам ретінде енетін болса, белгілі бір жауапты кезеңге кезіккенде қажетті күнделікті заттардан басқа жеке мүліктерін, машина, саяжай т.б. бағалы мүліктерді тізімге алады.

Аралас (командиттік) серіктестік – толық серіктестіктің өзгерген формасы. Мұның негізгі ерекшелігі бір немесе бірнеше қатысушыларының бүкіл мүліктерімен несие беруші серіктестер алдында жауап береді. Бүкіл мүліктерімен тәуекелділік етіп отырған қатынасшы қоғамның ішкі мүшесі немесе толық серіктестік деп аталады. Ал қосқан үлес мөлшерінде тәуекел етушілер сыртқы қатынасшылар немесе командистер деп аталады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік – алдын ала белгіленген пайыздар үлестерінің негізінде құрылған бірлестік. Оның мүшелері қоғамның міндеттемелерін орындау жауапкершіліктері жоқ, тек өз үлестерінің мөлшерінде тәуекелділік жасайды. Көпшілік жағдайда жауапкершілігі шектеулі қоғамда компаньондар арасында берік өзара байланыс бар. Осы себептермен ол семьялық кәсіпорындар ұйымдастыруға өте қолайлы.

Акционерлік қоғам – бұл заңдық құқы, жарғысы бар қоғам. Ол рұқсат ету жолымен құрылады, акцияда бірден үлесі бар, белгілі мөлшерде негізгі капиталы бар. Жеке адамдар немесе заңды ұйымдар акционерлер бола алады. Акционерлік қоғамды құру үшін серіктестік келісім шартын жасау керек, оны қоғамдық жарғысы деп атайды, оны нотариус куәләндіруі керек. Акционерлік қоғамды ұйымдастырушыларға шек қойылмайды.

Мемлекеттік кәсіпорындар 3 топқа бөлінеді:

1. Бюджеттік кәсіпорындар. Бұл топқа заңды, шаруашылық дербестігі жоқ кәсіпорындар енеді. Өз жағдайына қарай олар мемлекеттік әкімшілік жүйесіне енеді, тікелей тұрғыдан бір министрлікке немесе жергілікті басқару органдарына бағынады. Олар пайдадан салық төлемейді, олардың бүкіл табысы мен шығысы мемлекеттік бюджет арқылы өтеді. Олар сыртқы қаржы көздерін пайдаланбайды, мемлекеттік қазына есебінен қаржыландырылады. Кәсіпорын

басшыларын мемлекеттік органдар тағайындайды. Бюджеттік кәсіпорындарға байланыс жүйесі, верфтер т.б. жатады.

2. Мемлекеттік корпорациялар. Бұл кеңінен тараған ұйымдық формадағы мемлекеттік кәсіпорындар. Олар белгілі бір құқық субъектілері және өзіндік меншікте мүліктері бар кәсіпорындар. Мемлекеттік корпорациялар мемлекет иелік ететін акциялар арқылы акционерлік қоғам формасында да құрылуы мүмкін. Мемлекеттік корпорациялар кәсіпкерлік қызметті коммерциялық негізде тиісті министрліктер мен ведомстволардың бекіткен жоспарына сай жүргізеді. Мұндай қызметтің экономикалық негізін мемлекеттік қорлар есебінен құралатын өзіндік капиталы, акционерлік капитал және капиталистік пайда құрайды.

3. Аралас компаниялар. Олар АҚ және ЖШС формасында құрылады, акциялары мемлекет пен жеке салымшылардың қолында болады. АҚ-р туралы заңға сәйкес аралас компаниялар заңды иегер коммерциялық жеке фирмалармен салыстырғанда бірқатар жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдаланады. Атап айтқанда, мемлекеттік несие мен қосымша қаражатты пайдалану, импорттық лицензияларды жеңілдік тәртіппен алу, сыртқы дотация т.б. жеңілдіктер.

## **2.Кәсіпорындардың топтастырылуы.**

Кәсіпорынның топтастырылуының негізгі белгілері:

1. Салалық мамандандыру;
2. Өндіріс құрылымы;
3. Кәсіпорын көлемі.

Шығарылатын өнімнің салалық айырмашылығы маңызды болып табылады.

Кәсіпорын топтастыру бойынша былай бөлінеді:

1. өнеркәсіптік;
2. ауылшаруашылық;
3. көлік, байланыс, құрылым кәсіпорыны.

Дәстүр бойынша өнеркәсіпті 2 үлкен салалық топқа бөледі: өндіретін және қайта өңдейтін. Өз кезегінде қайта өңдейтін өнеркәсіп жеңіл, тамақ, ауыр өнеркәсіп болып бөлінеді. Кәсіпорындар салааралық құрылым бойынша:

1. тар маманданған;
2. көп профильді;
3. комбинирлі.

Тар маманданған кәсіпорынға шектеулі ассортименттегі өнім өндіру немесе ірі сериялы өндіріс жатады. Көп профильді кәсіпорынға кең ассортименттегі өндіріс пен әртүрлі мақсаттағы көбінесе өнеркәсіп пен ауылшаруашылығында кездеседі. Комбинирлі кәсіпорындар көбінесе ауылшаруашылығындағы химия, тігін және металлургиялық өнеркәсіптері жатады.

### **Тест сұрақтары**

1.Мемлекеттік кәсіпорындар дегеніміз не ?

А) Негізгі қорлары кәсіпкердің өзінде болатын кәсіпорын ;

- В) Негізгі қорлары аралас меншікте болатын кәсіпорын;
- С) Негізгі қорлары мемлекет меншігінде болатын кәсіпорын;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

2. Қазыналық кәсіпорын дегеніміз не ?

- А) Жай кәсіпорын ;
- В) Шағын кәсіпорын;
- С) Мемлекеттік ұйымдардың қарамағындағы кәсіпорын;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

3. Кәсіпорындарды қандай белгілеріне қарай бөледі ?

- А) Шаруашылық іс-әрекет түріне ;
- В) Шығарған өнім санына;
- С) Шығарған өнім сапасына;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

4. Кәсіпорынның меншік формасына байланысты қандай түрі бар

- А) Кооперативтік;
- В) Ашық;
- С) Шағын;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

5. Қазақстан республикасында кәсіпорындар типтеріне байланысты былай жіктеледі.

- А) Орташа кәсіпорын;
- В) Біріккен кәсіпорын;
- С) Монополия;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

#### **IV. Кәсіпорындағы өндірістік процесті ұйымдастыру**

Өндірістік процестің бірқалыпты жұмыс істеуі үшін ең тиімді еңбек процесінің үйлесуін және өндірістің материалдық элементтерін белгілі бір жүйеге келтіруін қамтамасыз етуі қажет: технологияға сәйкес тиімді жабдықтарды қатыстыру. Олардың үздіксіз, жоғары өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету және өндірістің тапсырыс ырғағын түпкілікті қорғау. Сонымен, өндіріс процесі уақыт пен кеңістік жағдайда үйлестілігі болу керек. Өндірістік процесті былай ұйымдастыру қажет, егер де бірлестіктер, кәсіпорындар, фирмалар, өндірістік бөлімшелердің ұжымдарының бірлескен жұмыстары жоғары сапалы және шығындарды қамтамасыз ететін болса.

Өндірістік процестерді ұтымды ұйымдастыру мыналарды қамтуы қажет:

- Өнімдерді дайындау немесе шығарудағы үздіксіздігі;

- Кейбір бөлісулердің өндіріс учаскелері қуаттылығының үйлесімділігі және олардың өзара үйлесуі;
- Өндірістің барлық бөлісу қызметінің ең жоғары қосарластығы;
- Өңделетін материалдар мен бұйымдар қозғалысының түзу дәлдігі, яғни өндіріс процесінің барлық сатысынан өткен ең қысқа жол.

Өндірісті ұйымдастырудың негізгі үлгілері жеке, дара, сериялық және жаппай өндіріс болып табылады.

Жеке дара өндіріс – шығарылатын өнімнің кең номенклатурасын, сол сияқты көмекші операцияларға уақыт шығындарының көп жұмсалуды, еңбек өнімділігінің төмен және өнімнің өзіндік құнының жоғары болуын сипаттайды.

Сериялы өндіріс – жеткілікті көп мөлшерде шығарылатын өнімдердің түпкілікті және көп емес бұйымдардың номенклатурасын айғақтайды. Өнімді шығарудың көлеміне және номенклатуралық айырымына байланысты сериялы, орта сериялы және ірі сериялы болып бөлінеді.

Жаппай өндіріс – ұзақ уақыт ішінде үздіксіз шығарылатын шектеулі номенклатуралық бұйымдар немесе материалдар, әрбір жұмыс орнында елеулі мөлшерде қатаң қайталанатын процестерді сипаттайды.

Кәсіпорын құрылымы – бұл ішкі бөлімдерінің құрамы және қарым-қатынасы: яғни бірыңғай шаруашылық объект болып табылатын цехтар, бөлімшелер, зертханалар және басқа құрамдас бөліктер.

Кәсіпорын құрылымы мынадай негізгі факторлармен ажыратылады:

1. Кәсіпорын көлемімен;
2. Өндіріс салаларымен;
3. Кәсіпорынның техникалық мамандандыру деңгейімен.

Қандай да болмасын нақты стандартты құрылым жоқ. Ол әрқашанда өндірістік-экономикалық конъюнктурамен, ҒТІ және әлеуметтік-экономикалық процестер арқылы өңделеді. Кәсіпорын құрылымы салалық және өндірістік болып бөлінеді. Кәсіпорын құрылымы салалық өндіріс технология арқылы қалыптасады, неғұрлым техникалық процесс жоғары болса, соғұрлым кәсіпорын құрылымы өте зор болады. Кәсіпорынның ішкі құрылымына оның көлемі әсер етеді. Шағын және орта кәсіпорында әртүрлі міндеттердің орындалуына арнайы құрылымдық бөлімше құрылады. Олар цехтар, бөлімшелер. Кәсіпорын құрылымына мыналар жатады:

1. Негізгі өндіріс цехтары;
2. Қосымша және негізгі цехтар, қоймалар;
3. Құрылымдық бөлімдер (зертханалар, басқа да өндірістік қызметтер);
4. Басқа да ұйымдар;
5. Кәсіпорынды басқару органдары.

Барлық қалған бөлімдер ішкі инфрақұрылымға жатады.

### **Есеп**

Жыл ішінде өнім өндіру көлемі 10000 бірлік, өнімнің өзіндік құны 80 мың тенге, өнім бағасы өнімнің өзіндік құнынан 25 % көп. Айналым құралдарының орташа жылдық құны 50000 мың тенге; өнімді өндірудің өндірістік циклының ұзақтығы 5 күн; аяқталмаған өндірісте шығындардың өсу коэффициенті -0,5.

Аяқталмаған өндірістегі айналым құралдарының нормативін және кәсіпорынның айналым құралдарының айналымдылығын анықтаңыз.

### Тест сұрақтары

1. Еркін өнеркәсіп кәсіпорыны дегеніміз не?

- A) Өндірістің техникалық ұйымдастыру, әкімшілік-шаруашылық еркіндігі бар өндіріс бірлігі;
- B) Ұйымдастыру формасы;
- C) Өнеркәсіп орны;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

2. Кәсіпорынның сыртқы орта элементтері:

- A) Еңбек ресурстары;
- B) Экономикалық саясат;
- C) Техника және технология;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

3. Кәсіпорынның ішкі орта элементтері:

- A) Маркетинг;
- B) Экономикалық саясат;
- C) Құқықтық жағдай;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

4. Кәсіпорынның нарық экономикасындағы негізгі мақсаты.

- A) Ең аз шығынмен ең жоғары пайда табу;
- B) Сұранысты төмендету;
- C) Ұсынысты жоғарылату;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

## **V. Кәсіпорынның бизнес- жоспарын құру мақсаттары және құрылымы**

Жаңа жобалардың құрылуы - оның алдын-ала экономикалық мақсаттылығын, кейіннен қажетті шығындарды орындалғанға дейін жоспарлаудан және соңғы нәтижелерді күтуден құралады. Бизнес-жоспарлау менеджер мен экономисттерге инновациялық жобалардың сол немесе басқа да түрлерін өндіруде жоспарлап қана қоймай, сонымен қатар оны қазіргі таңда қалыптасып отырған нарық шарттарында іске асыруға мүмкіндік туғызады.

Бизнес-жоспар қандай бір коммерциялық жобаны іске асыруға немесе жаңа кәсіпорын құруға қажетті қызметтерден құралған құжат болып табылады. Оны 3-5 жылға құрады. Алғашқы және 2-ші жылдары көрсеткіштерді ай сайын және квартал сайын тапсыру керек, ал кейіннен-жыл сайын. Бизнес-жоспар біздің өндірушілер үшін шағын және орта бизнестерде кеңінен таралған ішкі

шаруашылықты және фирмаішілік жоспарлаудың жаңа түрі. Бизнес-жоспар келесі функцияларды атқарады:

- 1.Бизнесті енгізу концепциясысын іске асыру және кәсіпорын дамуының генералды стратегиясын іске асыруда қолданылуы мүмкін.
2. Жоспарлау функцияларын атқара алады;
3. Кәсіпорынның даму процесін қадағалауға және бағалауға көмектеседі;
4. Қаржы ресурстарын тартуға қажет;
5. Инвесторларды тарту үшін және инвестицияны тиімді қолдану үшін қажет.

Бизнес-жоспарлауды іске асыру келесі сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік туғызады: бизнесті қалай бастауға болады? Өндірісті қалай тиімді етіп ұйымдастыруға болады? Алғашқы табыстар қашан түседі? Кредиторларға қарызды қаншалықты қысқа уақытта қайтаруға болады? Және мүмкін болатын тәуекелді қалай азайтуға болады?

Бизнес-жоспардың нақты, анық құрылымы жоқ. Ол атқаратын қызметіне қарай кәсіпкердің опытына қарай, кәсіпорын жұмысының уақытына қарай әр қалай болуы мүмкін. Бизнес-жоспар келесідей бөлімдерден құралуы мүмкін:

1. резюме (к.о. мүмкіндіктері)
2. тауар түрлері (жұмыс, қызмет)
3. өндірілген тауарлардың нарықтағы өтімі
4. өтімділік нарығындағы қалыптасқан бәсекелестік
5. өндірістік жоспар
6. ұйымдастырушылық жоспар
7. фирма қызметін құқықтық қамсыздандыру.
8. тәуекел бағасы және сақтандыру
9. қаржылық жоспар
10. қаржыландыру стратегиясы

Кейбір бизнес-жоспарды өндірушілердің айтуы бойынша, бизнес-жоспардың басқа да бөлімдері бар, мысал ретінде инвес-қ жоспарды алуға болады. Бизнес-жоспардың ішкі өндірісті жоспарлаудан айырмашылығы - ол өзіне кәсіпорынның немесе корпорацияның жалпы мақсаттарының барлығын қамтымай, тек қызметтің немесе бизнес жобаның жаңа бір түрін жоспарлаудан тұратын нақты әрі маңызды бір міндетін қамтиды. Кәдімгі жоспарлау ағымдық және перспективтік іс-әрекеттің әр түрін қамтитын болса, бизнес-жоспар кәсіпорын дамуының жаңа стратегиясын немесе тактикасын ойлап табуға бағытталады. Бизнес-жоспар фирманы құрушы- кәсіпкердің жеке қатысуымен және оның басшылығымен жасалады. Отандық мамандарда біздің жағдайдағы нарық шарттарына байланысты бизнес-жоспарды жүзеге асырудың нақты,ғылыми дәлелденген әдістері жоқ.

## **VI. Кәсіпорынның еңбек ресурстары**

### **Семинар жоспары:**

Еңбек ресурстары.

1. Кәсіпорын кадрлары, олардың құрылымы.
2. Еңбекті нормалау.

3. Еңбек нарығының жұмыс атқару механизмі.
4. Қазақстандағы кадрмен қамтамасыз ету проблемалары.

Еңбек ресурстары – мемлекеттің заңмен бекітілген жастағы, физикалық және интеллектуалдық сапасы бар, өнім өндіруге және қызмет көрсетуге керекті білімі мен тәжірибесі бар еңбекке қабілетті бөлігі. Олар кәсіпорын басшылығының үнемі қамқорында болатын объект. Нарық экономикасында еңбек ресурстарының маңызы арта түседі. Өндірістің инвестициялық бағыты, ғылыми – техникалық прогресстің соңғы нәтижелерін қолдану, өнім сапасының артуы еңбек ресурстарына деген көзқарасты өзгертіп, еңбекке творчестволық жағынан қарау және жоғарғы дәрежеге мамандар дайындауға ықпал жасады. Бұл жағдай кәсіпорын персоналын басқарудың принциптерінің, әдістерінің және әлеуметтік – психологиялық жағдайының айтарлықтай өзгерісіне алып келді.

Еңбек ресурстарының саны – барлық еңбекке қабілетті халық пен жұмыс жасайтын зейнеткерлерді, жасөспірімдерді қоса алғандағы және осыдан жұмыс жасамайтын мүгедектер мен жеңілдетілген зейнеткерлік жастағы адамдар санын алып тастағандағы нәтижеге тең адамдар саны.

Еңбек қатынастары – еңбек етуші ұжым мүшелері арасындағы қатынас. Жаңа өндірістік жүйелер тек қана жетілдірілген машиналардан ғана емес, сонымен бірге адамдардан тұратындықтан еңбек ұжымын дұрыс таңдау – кәсіпкердің негізгі міндеттерінің бірі.

Сипаттайтын ұғымдар :

Кәсіп – белгілі бір білімді игерген және кәсіби қажеттілікке ие еңбек етушілердің әрекеттерінің бір түрі.

Мамандық – арнайы білімнің, біліктілік пен тәжірибенің болуын керек ететін нақты кәсіп шеңберінде еңбек әрекеттерінің мамандануы.

Маман – шығармашылық – интеллектуалдық еңбегі арнайы білімдер жүйесін қамтитын кәсіпорын персоналының бөлшегі

Квалификация – белгілі бір жұмыс не қызмет түрін атқару үшін персоналдың арнайы дайындық деңгейі. Квалификация разряд және категория түрінде бекітіледі. Жұмыс квалификациясы өндірістік операцияның күрделілік деңгейін көрсетеді. Ол тарифтік – сыныптау анықтамалығы бойынша бекітіледі.

Лауазым ( қызмет ) – ұйымдық және әкімшілік – шаруашылық міндеттерді атқаратын қызметкер немесе қызметтік міндеттеме. Қызмет штаттық қызмет, ваканттық қызмет, жетекшілік қызмет, мамандар және басқа да қызметкерлер қызметі болып бөлінеді.

Кәсіпорындағы еңбекті нормалау – еңбекті пен жалақыны дұрыс ұйымдастырудың негізі.

Негізгі жұмысшылардың коэффициенттік саны:

$$K_{н.ж.} = 1 - Ж_{к.ж.} / Ж_{б.ж.}$$

Мұндағы,  $K_{н.ж.}$  – кәсіпорындағы, цехтағы негізгі жұмысшылардың коэффициенттік саны

$Ж_{к.ж.}$  – кәсіпорындағы, цехтағы көмекші жұмысшылардың саны;



$J_{б.ж.}$  – кәсіпорындағы, цехтағы барлық жұмысшылардың саны.

Жұмысшылардың жұмыстан шығып кету коэффициенті:

$$K_{ш.к.} = J_{ж.ш.} / J \cdot 100 \%$$

$J_{ж.ш.}$  - жұмыстан шығып кеткен жұмысшылар саны

$J$  - жұмысшылардың орташа саны.

Жұмысшыларды жұмысқа қабылдау саны:

$$K_{ж.қ.} = (J_{ж.қ.} / J) \cdot 100 \%$$

$J_{ж.қ.}$  - белгілі бір уақыт аралығында жұмысқа қабылданған жұмысшылар саны.

Кадрлардың тұрақты коэффициенті:

$$K_m = 1 - J_{ш.к.} / J + J_{ж.қ.}$$

$J_{ш.к.}$  - кәсіпорыннан өз еркімен немесе басқа да себептермен шығып кеткен жұмысшылар саны.

Кадрлардың ағымдық коэффициенті :

$$K_a = (J_{ш.к.} / J) \cdot 100 \%$$

Жұмыс орны – белгілі бір өндірістік жұмысты атқару үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген бір немесе бірнеше жұмысшылардың еңбек ету аймағы.

Кәсіпорында еңбекақы төлеудің ұйымдастыру 3 өзара байланысты жеке өзара тәуелді элементермен анықтайды:

Еңбекақы – бұл жұмсалған уақытқа және қол еңбек немесе белгілі бір ой еңбегіне төленетін ақшалай төлем.

Тарифтік жүйе - әр түрлі топтағы және категориядағы қызметкерлердің еңбектерінің сапалық сипаттамасына тәуелді, олардың еңбекақыларын саралауды және реттеуді жүзеге асыра алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін нормативтердің жиынтығын көрсетеді. Тарифтік жүйеге:

- сағатына немесе күніне еңбекақы мөлшерін анықтайтын тарифтік жүйе;
- еңбекақы төлеудегі жұмыстың және жұмысшылардың (біліктілік) әр түрлі разряд арасындағы арақатынастарын көрсететін тарифтік тор;
- тарифтік тормен сәйкес жұмысшылардың және жұмыстың разрядтарын анықтауға болатын тарифтік – біліктілік анықтамалары кіреді.

Жұмысты тарифтеу - бұл еңбек түрлерінің күрделілігіне тәуелді еңбек түрлерін біліктілік категориясына немесе тарифтік разрядқа жатқызу.

Тарифтік разряд – қызметкердің біліктілігін және еңбек күрделілігін қамтып көрсететін шама және тарифтік разряд әр өндірістік операцияда, әр жұмыста қолданылады; біліктілік разряд - қызметкердің кәсіптілігін дайындаудағы деңгейін қамтып көрсететін шама.

Еңбекті тарифтеу және тарифтелу разрядының қызметкерлерге иемденіп кетуі қызметкердің біліктілігіне, ұсынылған талаптарымен көрсетілген. Нормаланған тапсырмасы бар мерзімдік еңбекақы төлеу өндіріске қызмет көрсетумен байланысты (әсіресе жабдықтарды реттеу және жөндеу жұмыстарында жиі қолданылады).

Тарифтік мөлшерлеме (жалақы) - бұл жұмыс уақытының бірлігі үшін, біліктіліктің (сағат, күн, ай) айқын күрделілігінде еңбек нормасын (еңбек міндеттерін) орындаған қызметкердің еңбекақысының белгіленген мөлшері.

Тарифтік тор - бұл разрядтардың және оған меншіктелінген тарифтік коэффициенттердің арақатынасы. Тарифтік тордағы разрядтардың саны және тарифтік коэффициенттер арасындағы алшақтықтар әр түрлі және олар өнеркәсіптің әр түрлі саласында орын иемденген нақты ерекшеліктермен және бөлінісінің дәрежесімен анықталған.

Еңбекақы мына формула б/ша есептелінеді:

$$ЕА = ЕА + ПУ$$

Мұндағы: ЕА – еңбек ақы;

ПУ – нақты пайдаланған уақыт.

Кесімді ақы төлеу кезінде еңбек өлшемі жұмысының өндірген өнімі болып табылатын және бекітілген кесімді бағалауды қоспағанда, тап осы кездегі жүйеде еңбекақы өнімнің әрбір бірлігіне есептелінеді.

Бірыңғай тарифтік торда 21 тарифтік разряд бар. 21 тарифтік разряд халық шаруашылығында жұмыс жасайтын барлық қызметкерлерге таратылады. 21 тарифтік разряд шаруашылықтағы жүргізу нышанына, меншік нышанына және бюджеттік ұйымдарға тәуелсіз барлық кәсіпорындарға арналған:

- 1 – 8 разрядтар бойынша – жұмысшыларға төлемдер;
- 6 – 15 разрядтар бойынша – сызықтық қызметкерлерге;
- 4 – 11 разрядтар бойынша – орта білімді мамандар;
- 7 – 15 разрядтар бойынша – жоғарғы білімді мамандар;
- 10 – 20 разрядтар бойынша – кәсіпорынның басшылары, бөлімдердің, функционалдық қызметтердің басшылары;
- 9 – 21 разрядтар бойынша – ғылыми қызметкерлер.

Егер олардың разрядтары мен тарифтік коэффициенттерін қарастыратын болсақ:

#### Еңбекақы төлеудің разрядтары мен тарифтік коэффициенттері

Еңбекақы төлеудің разрядтары	Тарифтік коэффициенттер	Еңбекақы төлеудің разрядтары	Тарифтік коэффициенттер
1	1,0	12	2,20
2	1,07	13	2,37
3	1,15	14	2,55
4	1,24	15	2,74
5	1,33	16	2,95
6	1,43	17	3,17
7	1,54	18	3,43
8	1,66	19	3,67
9	1,78	20	3,94
10	1,91	21	4,24
11	2,05		

Жұмысшылардың дәрежесі халық шаруашылығының барлық саласындағы еңбек процесінде орындалған жалпы қызметтердің бағдарына байланысты болған соң, жұмысшылардың дәрежесі бір топта көрсетіледі.

### Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Еңбек ресурстары, құрамы мен құрылымы, қалыптасу көздері.
2. Еңбек нарығының қызмет ету механизмі және маңызы, оны мемлекеттік реттеу.
3. Еңбек ресурстарын пайдалану және ұдайы өндірістің аймақтық ерекшеліктері.
4. Еңбек және еңбек сыйымдылығын қолданудың көрсеткіштері.
5. Еңбек өнімділігі, маңызы және өлшеу әдістері.
6. Еңбек өнімділігін арттыру жолдары және факторлары.

### Есеп № 1

Келесі мәліметтер негізінде кәсіпорындағы еңбек өнімділігінің өзгеруінің деңгейін анықтаңыз:

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Есептік кезен	Базалық кезен
1	Шығарылған өнім көлемі	тонна	25400	26300
2	Бір өнім бірлігінің бағасы	тенге	150	155
3	Жұмысшылар саны	адам	135	137

### Есеп № 2

500 станокпен қамтылған кәсіпорын демалыс және мерекелік күндермен (254 күн) , әрбіреуі 8 сағаттан 2 ауысыммен жұмыс жасайды. Жоспарлы жөндеуге құрал жабдықтың тұру уақыты- 41 мың станок-сағат. Бір жылға жабдықтың күнтізбелік, режимдік және жоспарлы уақыт қорын анықтаңыз.

### Есеп № 3

Келесі мәліметтер негізінде құрал жабдықтың экстенсивті, интенсивті және интегралды қолдану коэффициенттерін анықтаңыз:

Көрсеткіштер	Жоспарлы	Есептік
Өнім көлемі, мың тенге	10200	10883
Құрал жабдықтың қызмет еткен машина-сағаттары, мың машина- сағат	208	201

### Есеп № 4

Келесі мәліметтер негізінде негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнын, жыл соңына олардың құнын, кіріс және шығыс коэффициенттерін анықтаңыз: негізгі өндірістік қорлардың құны 01.01.93ж - 94100 мың доллар, 01.03.93ж. 10200 мың доллар суммасына өндірістік қорлар келген, тозуға байланысты 01.10.93ж 34500 мың доллар суммасына негізгі қорлар істен

шықты, тозуға байланысты 01.12.93ж 1700 мың доллар суммасына негізгі қорлар істен шықты.Өнім өндіру көлемі 150000.

#### **Есеп № 5**

I ші разрядтың сағаттық тарифтік ставкасы 0,500 доллар,тарифтік тордың диапазоны 1,8. Ауыр және зиянды жұмыс шарттары үшін тарифтік ставкаға 12% көлемінде үстемақы қосылған. Жай және зиянды еңбек шарттарымен VI разрядтағы жұмысшылардың сағаттық тарифтік ставкасын есептеңіз.

#### **Есеп № 6**

Келесі мәліметтер бойынша орташа тарифтік ставканы анықтаңыз:

<b>Разряд</b>	<b>Жұмысшылар саны</b>	<b>Сағаттық тарифтік ставка, доллар</b>
I	3	0,5000
II	4	0,5425
III	3	0,5945
IV	2	0,6725
V	2	0,7670
VI	1	0,8965

#### **Есеп № 7**

Келесі мәліметтер негізінде еңбекақы төлеудің келісімді- прогрессивті жүйесі бойынша еңбекақыны есептеңіз.Бір детальдың еңбек шығындарының нормасы 2 адам-сағат.,бір деталь үшін 1,537 доллар бағасы белгіленген барлығы 100 деталь шығарылды.Әрбіреуі 8 сағаттан 22 ауысым (смена) жұмыс жасалған.Нормадан тыс шығарылған детальдар үшін 1,5 есеге ұлғайған үстемақы төленеді.

### **VII. Кәсіпорынның негізгі қорларының түсінігі, құрылымы және топтастырылуы**

#### **Семинар жоспары:**

1. Негізгі капиталдың түсінігі, құрылымы.
2. Амортизация және тозу (Физикалық және моральдық тозу)
3. Амортизация нормасы, есептеу әдістері.
4. Амортизация қорларының мәні.

Негізгі қорлар дегеніміз ұзақ кезең бойына қызмет ететін материалдық-заттай құндылықтардың жиынтығы; олар өндіріске қызмет көрсете отырып, өзінің табиғи-заттай нысанын сақтайды, өз құнының бір бөлігін жаңадан жасалған өнім мен көрсетілген қызметтерге көшіреді.

Негізгі қорлардың 2 түрі болады: өндірістік негізгі қорлар және бейөндірістік негізгі қорлар. Материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін негізгі қорлар – өндірістік негізгі қорлар деп, бейөндірістік салада жұмыс

істейтін негізгі қорлар – бейөндірістік негізгі қорлар деп аталады (тұрғын үйлер, мәдениет, спорт мекемелері, бала бақшалар, емдеу орындары және басқа да кәсіпорын балансындағы жұмысшыларға қызмет ететін объектілер).

Негізгі қорлар – ұлттық байлықтың маңызды бөлігі болып табылады және олардың құрамы мен құрылымын анықтау үшін негізгі қорлардың сыныптамасын жасау қажет:

1. Ғимараттар – өндірістік архитектура және құралыс объектілері (цехтар, қоймалар, өндірістік лабораториялар және т.б.)
2. Құрылыстар – өндіріс процесіне қызмет ететін техникалық функцияларды атқаратын инженерлік құрылыс объектілері (тоннельдер, көпірлер, эстакадалар, су каналдары автомобиль және темір жолдары)
3. Жіберу құралдары – энергияны, сұйық және газ түріндегі заттарды жіберуші құралдар.
4. Машина мен құралдар – технологиялық процеске тікелей қатысатын құралдар, күш машиналары мен құралдар, өлшеу, реттеу приборлары және т.б.
5. Тасымалдау құралдары – кәсіпорын көлеміндегі адамдар мен жүктерді тасымалдауға қажетті көліктер (электровоз, паровоз, автомобиль).
6. Құрал-сайман – өндіріс процесіне қажетті элементтер.
7. Өндірістік түгендеме (инвентарь) – өндірістік операцияларды орындауды жеңілдетуге және жеке еңбек заттарына қажетті (жұмыс столы, қорап т.б.)
8. Шаруашылық түгендеме – көбейту және қайта түсіру аппараттары, стол, шкаф т.б.

Негізгі өндірістік қорлардың құрылымына мынадай факторлар әсер етеді: шығарылатын өнім түрі, оның жалпы көлемі, автоматтандыру және механикаландыру деңгейі, мамандандыру мен бірлестіру деңгейі, кәсіпорын орналасуының климаттық және географиялық жағдайлары және т.б.

### Есеп № 1

Топтар бойынша кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының құрамы, жыл басына олардың құны және жыл ішінде олардың өзгерісі көрсетілген. (млн.тенге)

Негізгі қорлар топтары	Жыл басына	Жыл ішіндегі өзгерістер + ұлғаюы - азаюы
1 Ғимараттар	341510	-
2 Қондырғылар	64610	-
3 Желілік құрылғылар	36920	+ 440
4 Жұмыс машиналары және құрал жабдықтар	278430	-23500
5 Күш машиналары және құрал жабдықтар	18460	-530
6 Өлшеу құралдары және лабораториялық жабдық	23998	-810
7 Есептеу техникасы	21229	+750
8 Көлік құралдары	22152	-910
9 Басқа негізгі қорлар	15961	-230
Барлығы	923000	

Жыл ішінде тауарлы өнім көлемі 1236820 млн.теңге жыл басына және жыл соңына негізгі өндірістік қорлардың құрылымын және қор қайтарымдылығын анықтаңыз.

### Есеп № 2

Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлары 2007 жылдың басына 2825 млн.теңге құрады. Жыл ішінде негізгі қорлардың іске қосылуы және істен шығуы келесі кестеде көрсетілген:

Айы	Негізгі қорлар, млн.теңге	
	Енгізілген	Істен шыққан
1 ақпан	40,0	6
1 мамыр	50,0	4
1 тамыз	70,0	8
1 қараша	10,0	5

Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық және шығу құнын, сонымен қатар негізгі қорлардың шығу және жаңару коэффициенттерін анықтаңыз.

### Есеп № 3

Станоктың толық алғашқы құны 10,2 млн.теңге., қызмет ету мерзімі 8 жыл. Модернизацияға жұмсалатын шығындар 2,3 млн.теңге, монтаждау шығындары 0,2 млн.теңге, станоктың қалдық құны 0,5 млн.теңге. Амортизациялық аударымдардың жылдық сомасын және амортизация нормасын анықтаңыз.

### Есеп № 4

Станоктың алғашқы сатып алу уақытындағы құны – 3000 доллар, қызмет ету мерзімі- 10 жыл;амортизациялық кезеңдегі модернизацияға жұмсалған шығындар - 0,8 мың доллар; жою құны – 0,6 мың доллар. Бір жылдағы амортизация суммасын және нормасын анықтаңыз.

### Есеп № 5

Өнімнің жылдық көлемі – 8 млн.доллар.;негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны – 400 мың теңге.Жұмысшылардың орташа жылдық саны – 2 мың адам.Негізгі өндірістік қорлардың көрсеткіштерін анықтаңыз: қор қайтарымдылығын, қор сыйымдылығын, қор қарулануын.

### Есеп № 6

Негізгі өндірістік қорлардың қолданылуының өнім өндіру көлеміне әсерін анықтаңыз:

Көрсеткіштер	Жоспарлы	Есептік
Бір жылдық өнім көлемі, мың теңге	540	693
Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, мың доллар	139	254

### Есеп № 7

Негізгі өндірістік қорлардың құнының және қор қайтарымдылығының өзгеру есебінен өнім өндіру көлеміндегі қосымша көлемін немесе жоғалтуларды анықтаңыз:

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>Жоспарлы</b>	<b>Есептік</b>	<b>Нәтиже</b>
Өнім көлемі, мың доллар	<b>450,0</b>		<b>+120</b>
Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, мың доллар	<b>360,0</b>		<b>+20</b>
Қор қайтарымы, доллар	<b>1,25</b>		<b>-0,25</b>

### Есеп № 8

Келесі мәліметтер негізінде қор қайтарымдылығын, қор сыйымдылығын, қор қарулануын анықтаңыз:

<b>Көрсеткіштер</b>	
Өнім көлемі, мың доллар	<b>47,8</b>
Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, мың доллар	<b>50,9</b>
Орташа тізімдік жұмысшылар саны, адам	<b>135</b>
Өнім өткізуден пайда, мың доллар	<b>10,2</b>

### Есеп № 9

Келесі мәліметтер негізінде негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнын есептеңіз: Жыл басына негізгі өндірістік қорлар құны- 493,3 мың доллар,; 65,1 мың доллар суммасына жаңа негізгі өндірістік қорлардың енгізілуі (01.03); физикалық тозу себебінен негізгі өндірістік қорлардың шығуы 01.11 – 51.0 мың доллар суммасына, 01.12 - 34,8 доллар суммасына.

### Есеп № 10

Келесі мәліметтер бойынша негізгі өндірістік қорлардың қолданылу тиімділігін анықтау керек:

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>Жоспарлы</b>	<b>Есептік</b>	<b>Нәтиже</b>
Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, мың доллар	<b>630</b>	<b>724</b>	
Жұмысшылар саны, адам	<b>163</b>	<b>160</b>	
Еңбек өнімділігі, мың дол./адам	<b>100</b>	<b>120</b>	

## **VIII. Кәсіпорынның айналым қорлары және оның айналымдылығын жеделдету**

### **Семинар жоспары:**

1. Айналым қорының түсінігі, құрамы, құрылымы, экономикалық маңызы.
2. Өндірістегі айналым қорларын қолдануды бағалау.
3. Өнеркәсіптегі айналым қорларының элементтерін үнемдеу.
4. Айналым құралдары; құрамы, қолдануы.

Айналым қорлары әрқашан да қозғалыста болып, ауыспалы айналым жасайды, яғни айналыс сферасынан өндіріс сферасына, өндіріс сферасынан айналыс сферасына қайта айналып келіп отырады. Мұндай құбылысты айналым қорларының кезеңі деп атайды.

Айналым қорларының айналымдылығы – айналым қаржысының тиімді пайдалануын сипаттайтын экономикалық көрсеткіш.

Айналымдылық коэффициенті – сатылған өнімнің көлемін айналым қаржысының орташа қалдығына бөлу арқылы анықталады:

$$K_o = P_n / CO$$

Айналым қорларының айналымын жылдамдату кәсіпорынның негізгі мақсаты болып табылады және де оның мынадай жолдары бар:

- Ғылыми-техникалық прогрестің соңғы нәтижелерін қолдану;
- Өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру формаларын жетілдіру;
- Арзан конструкциялық материалдарды қолдану;
- Шикізат, отын-энергетика ресурстарын үнемді қолдану және т.б.

Айналым қорларын қолдануды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – өндірісті процессіз, үзіліссіз жалғастыру және сатуға шығарылған өнімді айналым қорларының ең аз мөлшерінен қамтамасыз ету.

Өз айналысында айналым қорлары үш сатыдан өтеді:

- Ақшалық
- Өндіргіш
- Тауарлық

Ақшалық сатыда дайындық жұмыстары жүргізіледі. Айналыс сферасында ақша капиталы өндіргіш капиталға айналады. Өндіргіш сатыда өндіріс процесі басталады. Өндіргіш сатыда дайын өнім шығарылып, сату сатысы басталады, яғни өндіргіш капитал тауар капиталына айналады да, тауар сатысы басталады. Кәсіпорындағы айналым қорлары кәсіпорынның өз қорларынан және қарызға алынған ресурстардан тұрады. Айналым қорларының көздеріне пайда, несие, жарғы қоры, бюджеттік қорлар, кредиторлық берешек т.б. жатады.

### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Нарық жағдайындағы айналым қорларының құрылуының қаржылық негіздері.
2. Кәсіпорынның айналым құралдарының қажеттілігін анықтау айналым құралдарының айналымдылық көрсеткіштерін есептеу әдістері.



**3. Өнеркәсіп кәсіпорындарының айналым қорларын тиімді қолданудың жолдары және оларды нормалау.**

#### **Есеп № 1**

Бірінші кварталда кәсіпорын 250 млн.тенге суммасына өнім өткізген, айналым құралдарының орташа кварталдық қалдықтары 25 млн.тенге. Екінші кварталда өнім өткізу көлемі 10 % -ке ұлғаяды, ал айналым құралдарының бір айналымының уақыты бір күнге қысқарады.

#### **Анықтау керек:**

1 Айналым құралдарының айналымдылық коэффициентін және бірінші кварталдағы бір айналым уақытын (күн);

2 Айналым құралдарының айналымдылық коэффициентін және екінші кварталдағы олардың абсолютті шамасын;

3 Айналым құралдарының бір айналымының ұзақтығының қысқаруы нәтижесінде айналым құралдарының босауын.

#### **Есеп № 2**

Келесі мәліметтер бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда есептік жылда айналым жылдамдығынан үнемділікті анықтаңыз.

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>Алдыңғы жыл</b>	<b>Есептік жыл</b>
Өнім өткізуден түскен түсім,мың доллар	<b>8000</b>	<b>10800</b>
Айналым құралдарының орташа көлемі, мың доллар	<b>1200</b>	<b>1400</b>

#### **Есеп №3**

Базистік жылда өнім көлемі 30 мың доллар,ал айналым құралдарының орташа көлемі 10 мың доллар.Егер айналым құралдарының көлемі өзгеріссіз болса, ал айналым саны 1 ге көбейсе,жоспарлы жылдағы өнім өндірудің қосымша көлемін анықтаңыз.

#### **Есеп № 4**

Егер тауар өндіру көлемі жоспар бойынша кварталда- 54 мың доллар,айналым нормасы -7,7 күн болса, бір кварталға есептегенде дайын өнімге айналым құралдарының нормативін анықтаңыз.

#### **Есеп № 5**

Егер тауар өндіру көлемі жыл ішінде- 9 млн. доллар,негізгі қорлардың орташа көлемі- 1 млн.доллар болса,негізгі қорлардың айналым жылдамдығын және айналым коэффициентін анықтаңыз.

#### **Есеп № 6**

Химиялық зауыттың цехында минералды тынайтқыш шығаратын 60 аппарат бар.Әрбір аппаратта құрамында 3 адам бар звено қызмет етеді.Жұмыс кестесі 4 ауысымдық (ауысым 6 сағаттан).Кәсіпорын үздіксіз жұмыс жасайды, әрбір

жұмысшы жылына 225 күн қызмет етеді. Жұмысшылардың тізімдік және келу санын анықтау керек.

### Тест сұрақтары

1. Айналым қаражатының айналым коэффициенті былай есептеледі:

А) Сату көлемі / Айналым капиталы;

В) Сату көлемі \* Н;

С)  $H * h * 100 / 2 * 100\%$ ;

Д) Барлық жауап дұрыс;

Е) Барлық жауап дұрыс емес.

170. Материалдық өндірістік қорлардың айналым коэффициенті былай есептеледі:

А)  $H * \Phi * 100\%$ ;

В)  $Q * \Phi / 100\%$  ;

С) Сату көлемі / Материалдық өндірістік қорлар;

Д) Барлық жауап дұрыс;

Е) Барлық жауап дұрыс емес.

2 Таза айналым капиталы былай есептеледі:

А) Ағымдағы активтер / Ағымдағы міндеттемелер;

В) Ағымдағы пассивтер / Ағымдағы міндеттемелер;

С) Актив / Пассив;

Д) Барлық жауап дұрыс;

Е) Барлық жауап дұрыс емес.

3 Таза айналым капиталы оңтайлану былай есептеледі:

А) Ақша қаражаттары / Таза айналым капиталы;

В) Ақша / Несие;

С) Несие сомасы \* 5-тік ставкасы;

Д) Барлық жауап дұрыс;

Е) Барлық жауап дұрыс емес.

4 Меншік айналым қаражаттарының үлесі есептеледі:

А) Меншік айналым қаражаттары / Қорлар мен шығындар;

В) Пассив \* Актив ;

С) МАҚ - шығын;

Д) Барлық жауап дұрыс;

Е) Барлық жауап дұрыс емес.

## **IX. Кәсіпорынның төлемқабілеттілігі және өтімділігі**

Кәсіпорынның қаржылық жағдайының 1 критерийлерінің бірі болып оның төлемқабілеттілігі табылады. Кәсіпорын төлем қабілетті болып саналады, егер айналым қорларының көлемі (запастар, ақша құралдары) сыртқы қарыздар мен міндеттемелердің көлемінен үлкен немесе тең болса. Сыртқы қарыздарға ұзақмерзімді және қысқамерзімді несиелер және барлық несиелік қарыздар жатады. Кәсіпорынның төлемқабілеттілік динамикасы айналым активтері мен

қысқа мерзімді міндеттемелер арқылы анықталатын таза айналым капиталының көрсеткіштерінің өзгерістерімен белгіленеді. Айналым капиталының қалыптасуының негізгі көзі таза пайданың өсуі, акция, капитал, ұзақмерзімді міндеттемелер және т.б. Кәсіпорынның сенімді арқа сүйері айналым капиталы болып табылады, себебі ол өзінің міндеттемелерімен қызметінің көлемін ұлғайтуға кепілдік береді.

Кәсіпорынның қысқа мерзімді міндеттемелерімен төлей алу қабілеті өтімділік деп аталды. Егер де кәсіпорын қысқамерзімді міндеттемелерді орындай алса, онда ол кәсіпорын өтімді болап табылады. Қайта сатуға негізделген негізгі құралдар кәсіпорынның қарыздарының негізгі көзі болып табылмайды. Кәсіпорын айналым қорларының құрылымына байланысты өтімді болады. Практикада мынадай өтімділік көрсеткіштерінің құрылымы қолданылады:

Ағымдағы өтімділік коэффициенті – кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүргізуге айналым құралдарымен толық қамтамасыз етілуін және кәсіпорынның уақытында міндетті қарыздарын өтеуін сипаттайды. Ол кәсіпорынның ағымдағы активтерінің суммасының міндетті қарыздар суммасына қатынасы арқылы анықталады.

Төлемқабілеттілік қалыптасу үшін барлық кәсіпорындар үшін 1 кезең берілген – 6 ай. Бұл көрсеткішті есептеу үшін қарастырылып отырған кезеңнің бастапқы және соңғы ағымдағы өтімділік балансын білу қажет. Егерде көрсеткіш 1-ден төмен болса, онда кәсіпорын осы уақыт аралығында төлемқабілеттілігін қалыптастыруға жағдайы жоқ деген сөз.

Жылдам өтімділік коэффициенті. Ақша құралдарының, бағалы қағаздардың және дебиторлық қарыздардың қысқамерзімді міндеттемелерге қатынасын анықтайды.

Абсолютті өтімділік коэффициенті – ақша құралдарының және бағалы қағаздардың қысқамерзімді борыштарға қатынасы арқылы есептеледі.

## **Х. Пайданың қалыптасу көздері және оның қолданылу бағыттары**

### **Семинар жоспары:**

1. Пайда түсінігі, қалыптасуы, пайданы бөлу.
2. Пайда табу көздері, кәсіпорынның табысы.
3. Пайда және өндіріс рентабельділігі.

Өнеркәсіптің тиімді өндірістік-шаруашылық әрекеттілігінің маңызды жинақтаушы көрсеткішіне өндірістің табысы жатады. Пайда экономикалық дәреже ретінде саудалы әрекеттілігінің процесінде материалды өндірістің орталығында пайда болған таза табысты көрсетеді.

Өндіріс факторларының және шаруашылық субъектілердің пайдалы өндірістік әрекеттілігінің байланысының нәтижесіне дайын өнім жатады, ол тұтынушыға өткізу жағдайларына байланысты тауарға айналады. Өткізу сатысында алдында затталған және таза еңбек құндылығын қосатын

тауардың бағасы анықталады. Таза еңбектің құндылығы жаңа шығарған бағаны көрсетеді және де ол екіге бөлінеді. Біріншісіне жұмысшылардың жалақысы (қажет еңбектің құндылығы), екіншісіне таза табыс (қосымша еңбектің құндылығы) жатады.

Өнеркәсіп әрекеттілігінің қаржылық нәтижесін анықтау үшін өнімді сатудан пайда болған табысты, оны өндіру мен өткізу шығындарымен сәйкестендіру қажет. Егер табыс қаржылық нәтижелерден жоғары болса, онда табыстың алынғанын көреміз. Егер тауарды өткізуден пайда болған табыс оны өндіру шығындарына тең болса, онда өнеркәсіп өндірістік өнімді шығару үшін шығындарды жапты деуге болады. Табыстан шығындар жоғары болатын болса, онда өнеркәсіп шығынға ұшыраған – теріс қаржылық нәтиже, бұл оны қиын қаржылық жағдайға қояды және банкроттыққа ұшырату мүмкіндігін де қарастыруға болады.

**Өнеркәсіптің пайдасына** өнеркәсіптің өндірістік және әлеуметтік даму мақсатына бағытталған ақшалы жинақтың бір бөлігін, сонымен бірге барлық деңгейлі бюджеттерге ақшалы қаржыны жіберуді айтамыз.

Өнімді өткізуден пайда болған өнеркәсіптің пайдасының мәнін анықтайтын факторға қолданып жатқан бағалар жатады. Оларды өткізу жағдайындағы еркін бағалар берілген өнімнің басекелестік мүмкіндіктеріне байланысты және басқа өнеркәсіптер шығаратын ұқсас өнімнің сұраныс пен ұсыныстарына байланысты анықталады. Сондықтан да өнімге қойылатын еркін бағалардың деңгейі өнеркәсіппен байланысты болып келетін факторға жатады. Өнеркәсіпке тәуелсіз болып келетін факторға өнеркәсіп-монополистермен өнімге қоятын мемлекеттік реттелетін бағалар жатады. Өнеркәсіптің шаруашылық әрекеттілігінің соңғы қаржылық нәтижелеріне *балансты кіріс* жатады, ол келесі үш құраушыдан тұрады:

- өнімді өткізуден пайда болатын табыс (шығын);
- негізгі қондырғылар және басқа да өндірістің мүлігін өткізуден пай- да болатын табыс (шығын);
- өткізуден басқа да қаржылық нәтижелер.

**Өнімді өткізуден пайда болатын табыс** (шығын) дегеніміз бұл өндірістің негізгі әрекеттілігінен пайда болған қаржылық нәтиже және де ол уставта берілген және заңмен рұқсат етілмеген әртүрлі түрлері бойынша орындалады. Қаржылық нәтиже әрекеттілігінің әр түрі бойынша бөлек анықталады және берілген баға бойынша өнімді өткізуден пайда болған табыс пен оны өндіру мен өткізуге кеткен шығындар арасында тең болады.

**Негізгі қордарды және басқа да өндірістің мүлігін өткізуден пайда болатын табыс** (шығын) дегеніміз бұл өнеркәсіптің негізгі әрекеттілігімен байланысты емес болып келетін финанстық нәтиже. Ол басқа да өткізуден пайда болған табысты (шығынды) көрсетеді.

Өнеркәсіп өз мүлігімен өзі айналысады. Олар өз мүлігін жою, сату, жалға беру немесе басқа өнеркәсіптердің шартты капиталдарына беруге мүмкіндігі бар. Финансты капитал тек мүлікті сату жағдайларында ғана пайда болады. Негізгі фондтар және басқа да өндірістің мүлігін өткізуден пайда болатын табыс өкізілген мүліктің сатылым бағасынан және өткізуге

бойынша пайда болған шығындар есептеу отырып алдық бағасының арасындағы айырмашылығымен анықталады.

**Өткізуден басқа да пайда болған қаржылық нәтижелер** бұл өнеркәсіптің негізгі әрекеттілігіне жатпайтын және өнімді, жұмысты, қызымет, негізгі қорлар мен басқа мүлікті өткізумен байланысты болмайтын әртүрлі сипаттағы операциялар бойынша алынатын табысты (шығын) айтамыз. Қаржылық нәтиже өткізуден тыс болған табыс пен олар бойынша жасалған шығындар арасындағы айырмашылық бойынша анықталады.

## **XI. Кәсіпорынның тиімділік көрсеткіштері**

### **Семинар жоспары:**

- 1.Рентабельдік кәсіпорынның тиімді қызмет көрсеткіші ретінде.
- 2.Кәсіпорындардағы көбейту резервтері және рентабельдік деңгейін көтеру жолдары.

Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін молайтудың басты шарты – еңбек өнімділігін барынша арттыру, өзіндік құнды арзандату. Біркелкі жағдайларда өнімнің өзіндік құнын неғұрлым арзан болған сайын тиімділік соғұрлым жоғары болатыны белгілі. Кәсіпорынның тиімділігіне сонымен қатар, өнімнің немесе шығаратын тауардың сапасы да едәуір ықпал етеді, өйткені жоғары сапалы өндірілетін тауарды көтеріңкі бағамен сата алады. Тиімділік – жалпы және салыстырмалы болып бөлінеді.

**Жалпы тиімділік** - шығындарды атқару арқылы пайда болған әсердің жалпы көлемін көрсетеді және оны инвестициялардың әрбір объектілері бойынша есептеуге болады.

**Салыстырмалы тиімділік** - белгілі бір өндірістік және шаруашылық есептерді шешуде, екі немесе бірнеше шешім варианттарының ішінен біреуін таңдап алуда есептелінеді. Ол бір варианттың басқа вариантпен салыстырғандағы экономикалық қолайлығын көрсетеді.

Жалпы тиімділіктің көрсеткіштері мынадай категориялар бойынша топталады.

- өндірістік іс-әрекеттің тиімділігін көрсететін көрсеткіштер, кәсіпорынның пайдалылығын және оның активтерді қолдану мүмкіншіліктерін өлшейді,
- өтімділік көрсеткіштері, кәсіпорындардың қысқа мерзімді міндеттемелерді орындау мүмкіншіліктерін, айналым қорларын басқаруын сипаттайтын көрсеткіштер;
- қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері, кәсіпорынның активтерін қаржыландыруда қолданылатын капиталдың құрылымын құру әдістеріне байланысты болған тәуекелшілдік деңгейін анықтайтын көрсеткіштер.

Рентабельділік көрсеткіштері:

- а) Жалпы рентабельділік нормасы = Жалпы пайда / Сауда көлемі
- ә) Ағымды рентабельділік нормасы = ЕВІТ / Сауда көлемі
- б) Таза рентабельділік нормасы = Таза пайда / Сауда көлемі

Жалпы рентабельділік нормасы = Жиынтық пайда / Өткізу (сату) көлемі  
 Ағымдағы рентабельділік нормасы = Негізгі қызметтен түскен пайда /  
 Өткізу (сату) көлемі.

Таза рентабельділік нормасы = Таза пайда / Өткізу (сату) көлемі.

Таза рентабельділік нормасы - өткізу мен басқа операциялардың салыстырмалы пайдалылығын көрсетеді. Таза рентабельділік нормасы бұл пайданың салыстырмалық өлшемі кіріске деген проценттік қатынасы болғандықтан шығын өзгеруіне тікелей байланысты болады, яғни шығын құрылымына деген бақылау дәрежесін бейнелейді.

Таза рентабельділік нормасы кәсіпорынның тиімді басқарылуын сипаттайтын көрсеткіш болып табылады. Тиімді басқару нәтижесінде компания алынған табыс есебінен тауарлар мен қызметтер шығындарын, операциялық шығындар және қарыз құралдарын қолдану құнын өтеп қана қоймай, сонымен қатар компания иелерінің жұмсаған капиталының тәуекелін де өтеп отырады.

### Есеп № 1

Келесі мәліметтер негізінде үш кварталдың өнім рентабельділігін салыстырыңыз:

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Жыл кварталы		
		I	II	III
Шығарылған өнім саны	дана	1500	2000	1800
Бір өнім бағасы	мың тенге	60	60	60
Бір өнімнің өзіндік құны	мың тенге	50	52	48

### Есеп №2

Есептік кезеңде кәсіпорынның баланстық пайдасы 56 мың доллар базистік кезеңде 64 мың доллар, негізгі қорлардың орташа жылдық құны есептік кезеңде 724 мың доллар, айналым қорларының орташа жылдық қалдығы 32 мың доллар. Жалпы рентабельділік деңгейінің өзгеруін анықтаңыз.

### Есеп № 3

Баланстық пайда – 100 мың доллар.

Өнім өткізуден түскен пайда-120 мың доллар.

Негізгі өндірістік қорлар құны-400 мың доллар.

Негізгі қорлардың қалдық құны – 200 мың тенге.

Өнімнің өзіндік құны- 400 мың доллар.

Өндіріс рентабельділігі қаншаға тең?

А) 25%

Б) 30%

В) 16,6%.

## Тест сұрақтары

1. Тиімділіктің қандай түрлері бар?

- A) Жалпы және салыстырмалы;
- B) Жеке және жанама;
- C) Экстенсивті және интенсивті;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

2. Өтімділік көрсеткіштері нені көрсетеді?

- A) Қысқа мерзімді міндеттемелерді орындау көрсеткіштері;
- B) Сапалық көрсеткіштер;
- C) Сандық көрсеткіштер;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

3. Шаруашылық іс-әрекет тиімділігін қандай көрсеткіштермен бағалайды?

- A) Сандық және сапалық;
- B) Өндірістік және өндірістік емес;
- C) Абсолюттік және салыстырмалы;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

4. Есеп беру кезеңіндегі пайданы өнім өткізуден түскен түсімге бөлсек, онда ... шығады.

- A) Сату пайдасы;
- B) Сату рентабельділігі;
- C) Сату бағасы;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

## **ХІІ. Кәсіпорында қаржылық ресурстардың қалыптасу көздері**

### **Семинар жоспары:**

1. Өнеркәсіп қаржысының түсінігі және функциялары.
2. Кәсіпорындарда қаржылық қызметі ұйымдастыру жолдары.
3. Қаржы механизмі.

Кәсіпорынның қаржылық ресурстары – бұл айналымнан шығу (мобилизация) және қосымша айналымға ену (иммобилизация) мүмкіндігі бар қатаң мақсатты түрде қолданылатын ақшалай құралдардың жиынтығы.

Кәсіпорынның қаржылық ресурстары - өндірістің дамуымен қатысты шығындар мен ағымдық шығындарды қаржыландыруға, кәсіпорынның қаржылық міндеттемелерін орындауға арналған кәсіпорынның және қаржылық кірістері мен табыстың жиынтығы.

Қаржылық нарықта пайда болуына қарай қаржылық ресурстар жеке (ішкі) және әр түрлі шарттар негізінде тартылған (сыртқы).

Жеке қаржылық ресурстарға (ішкі): табыстар, негізгі қызметтен пайда, өзге қызметтерден пайда, істен шыққан мүлікті сатудан түскен ақша, амортизациялық аударымдар. Кәсіпорынға түскен барлық түсім кәсіпорынның өзінде қалмайды, оның бір бөлігі салық түрінде және басқа да салықтық төлемдер түрінде бюджетке түседі. Кәсіпорынның пайдалануда қалатын түсімнің 1 бөлігі кәсіпорынды басқарушылардың шешімімен жинақтау және пайдалану мақсатында жұмсалады.

Амортизациялық аударымдар – материалды емес активтердің және негізгі өндірістік қорының істен шығуының ақшалай көрінісі. Олардың екі түрлі мағынасы бар, өйткені ол өнімнің өзіндік құнына кіреді және қарапайым және күрделі өндірісті қаржыландырудың ішкі көзіне айнала тұра өнімді сатудан түскен ақша құрамына еніп, кәсіпорынның есепті шотына түседі.

Қайта бөлу тәртібінде және бюджеттен бөлінген қаржы түрінде түсетін тарылған немесе қаржылық ресурстардың құрылуының сыртқы көздеріне жеке және заемды деп бөлуге болады. Бұл бөлу капитал салу формасына негізделген. Егер сыртқы инвесторлар қаржылық құралдарды кәсіпкерлік капитал түрінде салса, онда бұндай салымның әсерінен тартылған жеке қаржылық ресурстардың пайда болуы мүмкін.

Кәсіпкерлік капитал дегеніміз – пайда табу немесе басқаруға қатысу мақсатында басқа кәсіпорынның жарғылық капиталына салған капитал.

Ссудалық капиталға уақытша пайдалануға банк несиесі түрінде, әр түлі мерзімге, вексель түрінде және облигациялық займ түрінде төлемдік және қайтарымдылық түрінде ақшалар беріледі.

Қаржылық нарықтың айналымындағы құралдарға акция мен облигацияларды және бағалы қағаздардың басқа да түрлерін сатудан түскен құралдар жатады. Қайта бөлу негізінде болатын құралдарға: болып жатқан тәуекелден сақтандыру, концерн, ассоциация, бас компаниялардан түсетін қаржылық ресурстар, бағалы қағаздардан түсетін дивиденттер мен проценттер, бюджеттік субсидиялар жатады.

Бюджеттен бөлінген қаржы қайтарымдық және қайтарымсыздық негізде пайдаланылуы мүмкін. Олар мемлекеттің қойған міндеттерін орындауға, жеке инвестициялық ақпараттарға немесе кәсіпорынды және жалпы мемлекеттік мағынаға ие өнімді өндіруге қысқа мерзімді мемлекеттік көмек ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қаржылық ресурстар кәсіпорынның өндірістік және инвестициялық қызметінде қолданылады. Олар әрдайым үздіксіз қозғалыста болады және кәсіпорынның кассасында және коммерциялық банктердің есеп-шотында қаржылық ресурстардың қалдығы түрінде ақшалай сақталады.

Қаржылық ресурстардың көзіне кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік дамуына қажетті аударымдар мен шығындарға бағытталған кәсіпорынның барлық кірістері мен қаржылық түсімдері: инвестициялар, ағымдық шығындарға және әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар және т.б.

Мүлік көздері құрылымының ішкі талдауы кәсіпорын қызметін қаржыландырудың әр түрлі нұсқаларының бағасымен байланысты. Оның ұйымдық-құқықтық формаларына және жеке меншік түрлеріне қарамастан



кезкелген кәсіпорын мүлігінің қалыптасу көзі жеке және заемдық құралдар болып қызмет етеді. Жеке көздеріне кәсіпорынды құрған кезде оның басшыларының мүлікке және жарғылық капиталына ортақ ақшалай түрде қосқан үлестері:

- Резервті капитал – кәсіпорында түскен табыстан заңды түрдегі аударымдары.

- Қосымша капитал – қайта бағалау кезінде құнның өсім әсерінен болатын эмиссиялық қордағы бағалы құралдары.

- Жинақ қоры мен әлеуметтік саладағы қор – кәсіпорынның өз қолында қалған табыстан бөлінген аударым негізінде құрылады.

- Бөлінбеген пайда – кәсіпорынның өз қолында қалған таза пайдасының 1 бөлігі.

Заемдық көздеріне:

- ұзақ мерзімді банк несиелері – 1 жылдан жоғарғы алынған банк ссудалары.

- Ұзақ мерзімді заемдар (қарыздар) – (банктен басқа) қарызгерлерден 1 жылдан аса уақытқа алған ссудалары.

- Қысқа мерзімді банк несиелері – елдегі және шетелдегі банктерден 1 жылға дейінгі уақытқа алған ссудалары.

- Кәсіпорынның мердігерлер мен жабдықтаушыларға ТМҚ-ды немесе қызметті пайдалану уақытының арасындағы ұзақ өзгерістен пайда болған несиелік қарыздары.

- Өз жұмысшыларына жалақы төлеу бойынша қарыздық міндеттемелері.

- Кәсіпорынның басқа шаруашылық субъектілеріне қарыздары.

**Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Өндірістің экономикалық тиімділігін жалпы және жеке көрсеткіштері.
2. Табыстарды дисконтау, маңызы және әдістері.
3. Бухгалтерлік баланс статьяларын бағалау әдістері.

### **ХІІІ. Өзіндік құн және оның экономикалық мәні**

Кез-келген кәсіпорындағы іс-әрекет немесе қызмет шикізат, материал, отын-энергияны пайдаланумен, еңбекақы төлеумен, жұмысшыларды әлеуметтік және зейнеткерлік қорғауға төленетін төлемдермен, амортизациямен және т.б. міндетті шығындармен байланысты болады. Ал бұл шығындар кәсіпорынның өндірістік процестерінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, өнімді өткізуден түсетін табысынан қайтарылады. Кәсіпорынның барлық шығындар сомасын есептеу оларды 1 ортақ ақшалай түріндегі көрсеткішке біріктіреді. Бұндай көрсеткішке өзіндік құн жатады.

Өзіндік құнға өнімді (жұмыс, қызмет) өткізу және өндірістегі шығындардың құрамы және пайдаға салынатын салық кезінде есепке алынатын қаржылық қорытындының қалыптасу реті енеді, өнімнің өзіндік құны өз алдына өнім өндіру процесінде қолданылатын табиғи ресурстардан, шикізат,

материалдардан, отын-энергиядан, негізгі қордан, еңбек ресурстарынан және өндірісте және сатуда қолданылатын басқа да шығындардан тұрады.

Өзіндік құн көрсеткішінің экономикалық мәні өте жоғары. Еліміздің кәсіпорындағы жалпы және орта өзіндік құнды басқа елдердің дәл осы көрсеткіштерімен салыстыра отырып, біздің еліміздің сол Батыс елдерінің кәсіпорындарының даму деңгейінен өндірісі және экономикасы жағынан артта қалып отырғандығын көруге болады. Сондықтан өндірісте өнім өндірудің өзіндік құнын төмендету-өндірілетін өнімнің немесе қызметтің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Нарықтық экономикадағы өзіндік құнның деңгейі - ұлттық экономикадағы бәсекелік жарыс деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Егер де өндіріліп жатқан өнімнің бағасында өзіндік құнның 1 бөлігінің өте жоғарғы деңгейде төмендеуі байқалса, онда кәсіпорындар бәсекелестік деңгейі жоғары қатаң нарық шарттарында қызмет етеді дегенді білдіреді. Егер де бұндай талдауды қазіргі Ресей экономикасына жүргізетін болсақ, онда біз экономика секторының көп бөлігінде өзіндік құнның төмендемей, керісінше өсіп жатқанын байқаймыз, тек кейбір жекелеген экономиканың секторларында өзіндік құнның тұрақты түрде төмендегенін көруге болады.

Өзіндік құн - өндіріс тиімділігі көрсеткішімен тығыз байланысты. Ол өнім құнының үлкен бөлігін қамтиды, өнімді өндіру және сату шарттарының өзгерісіне тікелей қатысты болып табылады.

Шығындардың деңгейіне өндірістің техникалық-экономикалық факторлары едәуір әсер етеді. Бұл әсерлерге техника, технологиядағы, өндірісті ұйымдастырудағы, өнімнің құрылымы мен сапасындағы өзгерістер және өндірістегі өнімді өндірудегі шығындардың көптігі жатады.

Өзіндік құнның деңгейі және оның динамикасы нақты 1 уақытта өндірістің қызметінің осы немесе басқа бөлігінде басқарылым шешімдерін қабылдауға негіз бола алады.

Өндіріс шығындары және өнім өзіндік құнын калькуляциялау - өндіріс табыстарын арттыру мақсатында материалды, еңбек және қаржылық ресурстарды пайдалануды тұрақты қадағалаудың маңызды көзі болып табылады.

### **Өнімнің өзіндік құнын құрайтын шығынның топтастырылуы**

Өнімнің өзіндік құны – кәсіпорынның өнімді өндіруіне кететін ақшалай түрдегі ағымдық шығындары.

Шығындардың топтастырылуы:

1. Шығындардың бірінші элементтері;
2. Шығын баптары;
3. Шығындарды өзіндік құнға келтіру әдісі;
4. Өзіндік құнның қалыптасуындағы шығынның функцияналдық ролі;
5. Өндіріс көлемінің өзгеруіне қатысты тәуелділік дәрежесі;
6. Шығынның біркелкілік дәрежесі;
7. Қалыптасу уақытына және өзіндік құнға қатыстылығы;
8. Өзіндік құнның меншікті салмағы.

Шығынның алғашқы элементтері бойынша топтастырылуы:

1. Материалды шығындар;
2. Еңбек шығындары;
3. Әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар;
4. Негізгі қор амортизациясы;

Калькуляция баптары бойынша шығындардың топтастырылуы:

1. Шикізат және материалдар;
2. Қайтарымды қалдықтар;
3. Басқа кәсіпорындардың және мекемелердің дайын бұйымдары және жартылай фабрикаттары;
4. Техникалық мақсаттарға отын және энергия;
5. Өндіріс жұмысшыларының еңбекақысына төленетін шығындар;
6. Қосымша жалақы;
7. Әлеуметтік қажеттіліктерге аударым;
8. Өндірісті дайындауға және оқып-үйренуге шығындар;
9. Құрылғыларды пайдалануға және қамсыздандыру шығындары;
10. Жалпы өндірістік шығындар;
11. Жалпы шаруашылық шығындар;
12. Ақаудан болған жоғалтулар;
13. Өзге де өндірістік шығындар;
14. Өндірістік емес шығындар;

Шығындарды өнімнің өзіндік құнына келтіру әдісі бойынша:

1. Тікелей шығындар - өнімді дайындаумен байланысты шығындар және олар енгізілген нормалар бойынша өнімнің өзіндік құнына жатады (шикізат, материал, отын, энергия);
2. Жанама шығындар - өнімнің әр түрлі түрін дайындаумен байланысты шығындар, олар өзіндік құнға пропорционалды түрде енгізіледі (құрал-жабдықтарды қамсыздандыру және пайдалану шығындары, жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық)

Өзіндік құнның қалыптасуындағы шығындардың функцияналдық ролі бойынша:

1. Негізгі шығындар – бұйымды дайындаудың технологиялық процестерімен байланысты шикізат, материал, отынға кететін шығын.
2. Үстеме шығындарға өндірістің қызмет етуіне қажетті шарттарының азаюына байланысты, оны ұйымдастырумен, басқарумен, қызмет көрсетуімен байланысты жалпы өндірістік, жалпы шаруашылық және өндірістік емес шығындар жатады.

Өндіріс көлемінің өзгеруіне қатысты тәуелділік дәрежесіне байланысты:

- 1) Пропорционалды (шартты-өзгермелі) - өндіріс көлеміне тікелей қатысты шығындар сомасы (негізгі жұмысшылардың жалақысы, шикізат, материал)
- 2) Пропорционалды емес (шартты-тұрақты) – бұл өндіріс көлемінің өзгеруіне қарамастан тұрақты болып қала беретін шығындар (амортизация, жылумен қамтамасыз ету, өндіріс орнын жарықтандыру, администрация жалақысы)

Шығындарының біркелкілік дәрежесі бойынша:

1) элементті – құрамды бөліктерге бөлуге келмейтін шығындар (шикізат шығындары, негізгі материалдар шығындары, негізгі қор амортизациясы)

2) Кешенді – бірнеше біркелкі шығындардан құралады (құрал-жабдықтарды қамсыздандыру шығындары, жалпы өндірістік, жалпы шаруашылық шығындар);

Өзіндік құнның меншікті салмағы бойынша: өнімнің материалсыйымдылығы, энергосыйымдылығы, қорсыйымдылығы және еңбексыйымдылығы.

Шығындар бабы бойынша оларды топтастыру кәсіпорында өнімнің жекелеген түрлерін өндіруде шығындардың орналасуы бойынша және мағынасына қарай орналасуын көруге мүмкіндік береді. Өзіндік құнның бап бойынша шығындарын жоспарлау және олардың есебі өзіндік құнның берілген деңгейі қандай факторлар есебінен қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік береді.

Негізгі калькуляциялық баптарының номенклатурасы:

1. Шикізат және материал;
2. Қайтарымды қалдықтар;
3. Сатып алынған комплекттік бұйымдар, жартылай фабрикаттар және қызмет;
4. Технологиялық мақсаттарға отын;
5. Технологиялық мақсаттарға энергия;
6. Өндірістік жұмысшылардың негізгі және қосымша жалақысы;
7. Әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар;
8. Өндірісті меңгеруге және дауындауға кететін шығындар;
9. Құрал – жабдықтарды пайдалануға және қамсыздандыруға кететін шығындар;
10. Жалпы ортақ цехтық шығындар;
11. Ортақ зауыттық шығындар;
12. Ақаудан болатын жоғалтулар (тек калькуляциялық есептемелерде)
13. Өзге өндірістік шығындар;
14. Өндірістен тыс шығындар.

Жоғарыда аталғандарының 1-н 10-ға дейінгілер ортацехтық шығындарға жатады, 1-ден 13-ке дейінгілер - өнімнің өндірістік өзіндік құнын құрайды, 1-ден 14-ке дейінгілер – толық өзіндік құнды құрайды. Өнімнің өзіндік құнына кіретін кәсіпорын шығындары тікелей және жанама болып бөлінеді.

Тікелей шығындар - өнімді дайындауға немесе өндіруге кететін шығындар.

Жанама шығындарға өнімнің нақты түрлерінің өзіндік құнына жатқызуға келмейтін шығындар жатады (цехтық, ортазауыттық, ортафабрикалық). Құрал – жабдықтарды қамсыздандыруға және пайдалануға кететін шығындар. Өнімнің жекелеген түрлерінің өзіндік құны - өнімнің бірлігін өндіруде және сатуда кететін шығындардың мөлшері көрсетілетін калькуляцияны құру жолымен анықталады. Калькуляцияның 3 түрін ажыратып көрсетуге болады: жоспарлы, нормативті және есептемелі. Жоспарлы калькуляциядағы өзіндік құн шығындар есебінің жеке баптары негіздерінде анықталады, ал нормативті калькуляцияда – берілген кәсіпорындағы іс-әрекет етіп жатқан нормалар бойынша анықталады. Есептемелі калькуляция бухгалтерлік есептер көрсеткіштерінің негізінде құрылады және бұйымның нақты өзіндік құнын көрсетеді. Ал бұл өз алдына

бұйымның өзіндік құн жоспарларының орындалуын тексеруге және өндірістің жеке учаскілеріндегі жоспардағы өзгерістерді көруге мүмкіндік береді.

Есеп пен калькуляциялаудың нормативті әдісі басқа әдістерге қарағанда прогрессивті болып табылады, ол өндірістік процестің жүрісін күнделікті қадағалап отыруға және өнімнің өзіндік құнын төмендету тапсырмасының орындалуын қадағалауға мүмкіндік береді. Осы кезде өндірістегі шығындар 2 бөлікке бөлінеді: норма шеңберіндегі шығындар және шығын нормаларынан ауытқулар.

Норма шеңберіндегі шығындар топтастырылусыз, жеке сұрау бойынша есептелінеді. Ал шығын нормаларынан ауытқуларда олардың себептері мен кінәлілері анықталады. Сол арқылы ауытқу себептерін жылдам талдауға және жұмыс барысында ескертуге мүмкіндік береді. Есептің нормативті әдісі кезіндегі бұйымның нақты өзіндік құны шығындарды норма бойынша қосу жолымен және ағымды нормативтердегі ауытқулар мен өзгерістер нәтижесінде болатын шығындар арқылы анықталады.

### **Семинар жоспары:**

1. Өндіріс шығындары, түсінігі, құрамы түрлері.
2. Кәсіпорынның нақты шығындары.
3. Шығындарды азайту жолдары.

### **Есеп № 1**

Бірінші кварталда бір өнімнің шекті өзгермелі шығындары 95 мың тенге., өнім бірлігінің бағасы -125 мың тенге., жалпы тұрақты шығындар – 1000 мың тенге. Екінші кварталда шикізат бағасы 10%-ға өсті, мұның өзі өзгермелі шығындардың 10%-ға өсуіне әкелді. Шикізатқа бағалардың өзгеруі өнім өндірісіне қандай әсер тигізгендігін анықтаныз.

### **Есеп № 2**

Есептік жылда тауар өнімінің өзіндік құны 450,2 млн.тенге., тауар өнімінің бір тенгесіне шаққандағы шығындар- 0,89 тенге құрады. Жоспарлы жылда тауар өнімінің бір тенгесіне шаққандағы шығындар- 0,85 тенге белгіленген. Өнім өндіру көлемі 8% -ке ұлғаяды. Жоспарлы жылдың тауарлы өнімінің өзіндік құнын анықтаңыз.

### **Есеп № 3**

Есептік мәліметтер бойынша нормаларды 8% ға және бағаларды 5% ға төмендету нәтижесінде материалдардың үнемделуі байқалады. Есептеме бойынша тауарлы өнімнің өзіндік құны 120,6 млн.тенге, шикізат пен материал шығындары 80,8 млн.тенге. Аталған фактрлардың өнімнің өзіндік құнына әсерін бағалаңыз.

### **Есеп № 4**

Базистік кезең: өнім көлемі 2 мың дана, өнім бірлігінің өзіндік құны 2 мың доллар. Есептік кезең: өнім көлемі 2500 дана, өнім бірлігінің өзіндік құны 3 мың

доллар. Осы мәліметтерге сүйене отырып есептік кезеңде базистік кезеңмен салыстырғанда шығындардың абсолютті өзгерісін анықтаңыз.

#### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Өндіріс шығындарының түсінігі, құрамы түрлері.
2. Кәсіпорынның нақты шығындары.
3. Өнімнің өзіндік құнының құрылымы, ерекшеліктері бюджеттен тыс қорлар.
4. Өзіндік құнға кіретін шығындардың құрамы мен құрылымы.

#### **Тест сұрақтары**

1. Өнімнің өзіндік құны дегеніміз ...

- A) Өнімді өндіру мен өткізуге кеткен ақшалай формадағы шығындар;
- B) Өнімнің ақшалай формадағы бағасы;
- C) Өнімнің өзіне тән құны;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

2 Өнімнің өзіндік құнына келесілер кіреді.

- A) Өнімді шығарумен байланысты тікелей шығындар;
- B) Өнім сапасын арттырумен байланысты шығындар;
- C) Өткізу бойынша шығындар;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

3 Өнімнің өзіндік құны былай бөлінеді.

- A) Толық және фабрика-зауыттық;
- B) Жалпы және жеке;
- C) Тікелей және жанама;
- D) Барлық жауап дұрыс;
- E) Барлық жауап дұрыс емес.

### **XIV. Кәсіпорын қызметінің тиімділігін көтеру жолдары**

#### **Семинар жоспары:**

ҚР өнеркәсібінің дамуына сипаттама.

1. ҚР өнеркәсібінің дамуына сипаттама. Түсінігі, көрсеткіштері және салалық құрылымды анықтайтын факторлар.
2. Өндірісті шоғырландыру мәні формалары, деңгей көрсеткіштері және экономикалық тиімділік.
3. Өндірісті мамандандыру және кооперациялау: мәні, формалары, деңгей көрсеткіштері және экономикалық тиімділік.
4. Өндірісті біріктіру: мәні, формалары, деңгей көрсеткіштері және экономикалық тиімділік.

Нарықтық экономика өзінің пайда болуымен өндірістің халықаралық тиімділігінің құралы болып табылады. Осы жағдайларда өндірістің

тиімділігінің негізгі бағыттарын, өсу факторларын, тиімділікті есептеу жолдарын анықтау маңызды болып табылады. Қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігінің негізгі бағыттарының өсуін дұрыс анықтау үшін тиімділік көрсеткіштері мен критерийлерін тұжырымдау қажет. Қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігінің негізіне қоғамдық еңбектің өнімділігі жатады. Қоғамдық еңбектің өнімділігі өндірістік ұлттық қордың орташа жұмысшылар санына қатынасы арқылы анықталады. Қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігінің негізгі көрсеткіштері: еңбек сыйымдылығы, материал сыйымдылығы, капитал сыйымдылығы және қор сыйымдылығы. Еңбек сыйымдылығы – материалдық өндіріске жұмсалған еңбек көлемінің шығарылған өндірістік өнімнің қатынасы арқылы анықталады. Материал сыйымдылығы - шикізат, материалдар, отын, энергия және т.б. еңбек заттарының шығындарын жалпы қоғамдық өнімнің қатынасы арқылы анықталады. Өнімнің материал сыйымдылығы материалдық шығындардың барлық барлық өндірістік өнімнің көлеміне қатынасы болып табылады. Материал сыйымдылығының төмендеуі елдің халық шаруашылығына тиімді болап табылады. Белгілі дәрежеде өнімнің капитал сыйымдылығы мен қор сыйымдылығы көрсеткіштері өзара жақын болып келеді. Капитал сыйымдылығы – капитал салымдарының көлемін шығарылатын өнімнің өсу көлеміне қатынасы арқылы анықталады. Қор сыйымдылығы – халық шаруашылығының негізгі өндірістік қорының орташа құнының өндірістік өнімнің көлеміне қатынасы арқылы анықталады. Халық шаруашылығының кейбір салаларында, әсіресе өнеркәсіпте қор қайтарымы көрсеткіші қолданылады. Ол қор сыйымдылығына кері көрсеткіш болып табылады. Өндірістік өнімнің көлемін негізгі өндірістік қордың құнына қатынасы арқылы анықталады.

#### **Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:**

1. Өндірістің экономикалық және әлеуметтік тиімділігі: маңызы, белгілері. Өндірістің экономикалық және әлеуметтік нәтижелері.
2. Нарық жағдайындағы шығындарды өлшеудің және қорытындыларының ерекшеліктері.
3. Өндірістің экономикалық тиімділігін жалпы және жеке көрсеткіштері.
4. Табыстарды дисконтау, маңызы және әдістері.
5. Бухгалтерлік баланс статьяларын бағалау әдістері.

#### **Тест сұрақтары**

1 Қарыз қаражаттарын өтегеннен кейінгі кәсіпорынның тәуелсіздік деңгейі.

- А) Өтімділік ;
- В) Өзара өтеу;
- С) Қаржылық тұрақтылық;
- Д) Табыстылық;
- Е) Барлық жауап дұрыс.

2 Техникалық және технологиялық жаңалықтарды құру және коммерциялық пайдалану процесі.

- А) Инновациялық инвестиция;

- В) Интенсивтілік;
- С) Инновациялық стратегия;
- Д) Нарық факторлары.
- Е) Барлық жауап дұрыс.

3 Жеке және заңды тұлғалар үшін несие қатынастарының негізі болып табылады.

- А) Ссуда;
- В) Несие шарты;
- С) Мүлікті сатып алу;
- Д) Ақша қозғалысы.
- Е) Барлық жауап дұрыс.

Кәсіпорынның өндірістік-экономикалық потенциалын сақтау және одан ары қарай дамыту саласындағы іс-әрекеті қалай аталады?

- А) Математикалық;
- В) Экономикалық;
- С) Инвестициялық;
- Д) Барлық жауап дұрыс.
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

4 Капиталды ұлғайту мақсатымен экономиканың әртүрлі салалары мен сфераларына бағытталған, жоспарланған және орындалатын шаралар жиынтығы.

- А) Инвестициялық бағдарлама;
- В) Инвестициялық жоба;
- С) Форма;
- Д) Барлық жауап дұрыс.
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

5 Қаржылық инвестициялар арқылы инвестор өзінің ... ұлғайтады.

- А) Мүмкіндіктерін;
- В) Жұмысын;
- С) Қаржы капиталын;
- Д) Барлық жауап дұрыс;
- Е) Барлық жауап дұрыс емес.

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030- Алматы: «Юрист» 2001
2. Экономика предприятия промышленности. Под ред. Масленниковой О.А. Москва: издательский комплекс МГУПП, 1998г.
3. Грузинов В.И. и др. Экономика предприятия. Москва: Банки и биржа ЮНИТП, 1998г.
4. Мейірбеков А.Қ., Әлімбетов Қ.Ә. Кәсіпорын экономикасы. Оқу құралы – Алматы: Экономика, 2003 – 252бет.
5. малые предприятия в Казахстане – 1999г
6. Экономика предприятия. Под ред. Семенова В. Москва: Центр экономики и маркетинга, 2000г



7. Экономика предприятия. Под ред. Сафронова И.А. Москва: «Юрист» 1999г.
8. Экономика предприятия. Под ред. Волкова О.Н. Москва: Инфра, 1998г.
9. Экономический рост предприятий РК. Сборник научных трудов – Алматы: «Экономика», 2000г.
10. Бусыгин А.В. Предпринимательство. Учебник для вузов – М: «Дело», 2000г
11. Қазақстан Республикасының конституциясы, Алматы 1995 ж.
12. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Алматы 1994 ж.
13. Қазақстан Республикасының кәсіпкершілікті қорғау және қолдау заңы
14. Қазақстан Республикасының Шетел инвестициялары туралы Заңы
15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тікелей инвестициялар жайлы заңы Каз.правда.1997 ж.
16. Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші үкімі Мемлекеттік кәсіпорын туралы 1995 ж.
17. Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші үкімі Мемлекеттік кәсіпорын туралы Шаруашылық серіктестігі туралы 1995 ж.
18. Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші үкімі Мемлекеттік кәсіпорын жайында Жекешелендіру туралы 1996 ж. Каз.правда 13 январь.
19. Қазақстан Республикасына заңы Құнды қағаздар нарығы туралы 1997 ж.  
Каз.правда 11 март.
20. Қазақстан Республикасының заңы Инвестициялық қорлар туралы 1997 ж.  
Каз.правда 12 март.
21. Қазақстан Республикасының заңы Қоршаған ортаны қорғау туралы 1997 жыл.  
Каз.правда 5 август.
22. Қазақстан Республикасының заңы акционерлік қоғамдар туралы 10 июль 1998 ж.
23. Қазақстан Республикасы заңы Қазақстан үкіметінің құрылымы туралы 1999 ж, 25 январь.
16. Қазақстан Президентінің жарлығы Мұнай туралы 1995 ж. Каз.правда 20 июль.
17. Мемлекеттік бағдарламалар

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I ТАҚЫРЫП. «КӘСПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ» ПӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫ .....	4
II. КӘСПОРЫННЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ.....	6
III. КӘСПОРЫННЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ФОРМАЛАРЫ.....	10
IV. КӘСПОРЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	12
V. КӘСПОРЫННЫҢ БИЗНЕС- ЖОСПАРЫН ҚҰРУ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	14
VI. КӘСПОРЫННЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ.....	15
VII. КӘСПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЛАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ.....	20
VIII. КӘСПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ ҚОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЙНАЛЫМДЫЛЫҒЫН ЖЕДЕЛДЕТУ .....	24
IX. КӘСПОРЫННЫҢ ТӨЛЕМҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ӨТІМДІЛІГІ.....	26
X. ПАЙДАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ БАҒЫТТАРЫ .....	27
XI. КӘСПОРЫННЫҢ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	29
XII. КӘСПОРЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ.....	31
XIII. ӨЗІНДІК ҚҰН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ.....	33
XIV. КӘСПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН КӨТЕРУ ЖОЛДАРЫ.....	38
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР.....	40

Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 43 бет 3,6 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 32 ш/а.